

Жаһандық диалог

5.4

Жылына 4 рет 16 тілде шығады

Күйрету қуаты

Фрэнсис Фокс Пивен

Ислам мемлекетінің
үндеуі

Франсуа Бурга

Әлеуметтану мен Антро-
пологияның ерекше тарихы

Ян Бремман

Қоғамдық әлеуметтанудың
австриялық мұрасы

Рудольф Рихтер

Өзгерістегі Куба

- > АҚШ пен Куба
- > Нәсілшілдік және революция туралы
- > Гаванадан бір сыпыра жаңалық

Тайваньдағы әлеуметтану

- > Күнбағыс қозғалысы қоғамдық
- > Еңбек және қоршаған ортаны қорғау қозғалыстары
- > Қысымдағы ата-аналар
- > Тайвань коллапсын құру
- > Тайвань әлеуметтануының дамуы
- > Көше бұрышындағы әлеуметтану

ЕСТЕ САҚТАУ

- > Юрген Хартманн, 1944-2015


ЖУРНАЛ



Басылым 5/ Шығарылым 4/ желтоқсан 2015
<http://isa-global-dialogue.net>

GD

International
Sociological
Association



> Редакциядан

Пәнаралық және пәндік:

Осы мәселені қарастыру екі сұхбаттан бастау алады. Бірінші сұхбат аса әйгілі болмаса да америкалық әлеуметтану тарихында беделі бар ғалымдардың бірі – Фрэнсис Фокс Пивенмен жүргізілді. Әлеуметтанушы әлеуметтік қамсыздандыру, сайлаушыларды тіркеу мәселелерін зерттейді және бүлікшілер билігіне назар аударып, әлеуметтік қозғалыстарға алғашқы талдау жүргізген. Ұзақ жылдар бойы жинақтаған тәжірибесінде Милтон Фридман сынды атақты ғалымдармен пікір таластырып, оңшыл ғалымдармен күресуде. Екінші сұхбат Таяу Шығыс мәселелері бойынша француз сарапшысы Франсуа Бургамен жүргізілді. Ғалым өз елінде нәсілшілдік оқшаулануға ұшыраған еуропалық мұсылмандарға ислам мемлекетінің тартымдылығын түсіндіреді.

Келесі мақала – экономикадағы бейресмилікті зерттеуші әйгілі голландтық әлеуметтанушы Ян Бремендікі. Журналда жарияланып отырған мақаласында ол антропология мен әлеуметтанудың күрделі қарым-қатынасын қарастырады. Үш әлеуметтанушыда әлеуметтану ғылымында өзіндік орны болғанымен, қоғамдық мәселелерді қарастырған кезде әлеуметтанудан басқа саясаттану, антропология, тарих ғылымдарына жүгінуге болатындығын және пәндік шекараның маңызды емес екендігін көрсетті. Куба туралы арнайы бөлімде мақала жариялап отырғандар жайлы осылай дей аламыз. Луис Румбаут пен Рубен Румбаут Куба мен АҚШ арасындағы қарым-қатынастың жандануына алып келген геосаяси және экономикалық қысымдарға назар аударып, екеуінің тарихи келісімі туралы ой қозғайды. Керісінше, Луиза Стеур бұл қатынасты жалақысы төмен тазалықшы тұрғысынан қарастырады. Кеңестік экономиканың нарықтық экономикаға көшуінің нәтижелерін жақсы білетін ол Кубадағы осындай тенденция бұрын қадағаланып отыратын теңсіздікті тереңдетіп отырғанын айтады. Луиза Стеур келесі мақаласында қара нәсілді кубалық белсенді Норберто Карбонеллден сұхбат алады. Карбонелл – партия мүшесі, алайда Кубадағы нәсілшілдік туралы ашық баяндайды. Бір жыл бұрын осындай тақырыптағы мақаланы жариялау мүмкін болмас еді.

Бірақ пәнаралық зерттеулер басқа ғылымдарға да жүгінуді талап етеді. Ал әлеуметтану жаһандық процестердің ықпалымен ұлттық кеңістікте ғана дамуда. Бұл Тайваньнан келген алты мақаладан көрініс табады. Тарихы қоғамдық қозғалыстарға бай, Қытай мен АҚШ таласының арасында қалып қойған шағын арал – Азия әлеуметтануының жарқын бейнесі. Геосаясатқа сезімтал және басқыншылық тарихы бар ел жаһандық әлеуметтануда жаңа әдістердің пайда болуына алып келді. Сонымен қатар, тайваньдық әріптестеріміздің басым бөлігі 1990-шы жылдардағы демократиялық қозғалыстарға қатысып, қоғамдық қозғалыстар туралы ерекше пікір қалыптастырды. Мақалаларда жақында орын алған Күнбағыс қозғалысы және оның ұлттық басқаруға сыни көзқарасы талданып, осы жағдай академиялық ортадан тыс қоғамды да қызықтырғаны байқалады.

Қоғамдық әлеуметтану – австриялық әлеуметтану тарихын зерттеген Рудольф Рихтердің де қарастыратын тақырыбы. Оның мақаласы 2016 жылдың 10-14 маусымында Венада өтетін Әлеуметтанушылардың халықаралық үшінші форумында ХӘҚ мүшелерінен арасынан алғашқылардың бірі болып баяндалады. Жергілікті ұйымдастырушы комитет іс-шараға белсенді дайындық үстінде және олардың жеке блогы бар: <http://isaforum2016.univie.ac.at/blog/>.

> Жаһандық Диалог [ХӘҚ ресми сайтында](#) 16 тілде жарық көреді

> Мақалаларды burawoy@berkeley.edu жолдауға болады



Ұзақ және көрнекті шығармашылық жолын өткен Фрэнсис Фокс Пивен Лоррейн Миннет сұхбатында әлеуметтік қозғалыс теориясын ұсынады.



Таяу Шығыс ғалымы Франсуа Бурга Сари Ханафи сұхбатында ислам мемлекетінің тартымдылығын түсіндіреді.



Әйгілі голландтық әлеуметтанушы Ян Бремен әлеуметтану мен антропология арасындағы байланыс туралы ой толғайды.



МСА 2016 әлеуметтанулық форумының жергілікті ұйымдастыру комитетінің төрағасы Рудольф Рихтер Австриядағы көпшілік әлеуметтануының мұрасы туралы баяндауда.



Жаһандық диалог SAGE Publications ұсынған риясыз грант негізінде жүзеге асып отыр.

> Редакциялық алқа

Редактор: Майкл Буравой.

Редактордың орынбасары: Гай Сейдман.

Басқарушы редактор: Лола Бусуттил, Августо Бага.

Редакциялық кеңес: Маргарет Абрахам, Маркус Шульц, Сари Ханафи, Винетта Синха, Бенджамин Теджерина, Роземари Барбарет, Изабелла Барлинска, Дилек Чиндыоглу, Филомин Гуттиерес, Джон Холмвуд, Гуэлермино Жассо, Калпана Каннабиран, Марина Куркчян, Саймон Мападименг, Аблдул-мумин Саад, Айше Сактанбер, Сели Скалон, Саука Ширахасе, Гразина Скапска, Эвангелия Тастосоглоу, Чин-чин Ю, Елена Здравомыслова.

Аймақтық редакторлар

Араб әлемі:

Сари Ханафи, Мунир Сайдани.

Бразилия:

Густаво Танигутти, Андреса Галли, Анжела Мартинс Джуниор, Лукс Амарал, Рафаэль де Соуза, Бенно Альвес, Жулио Дэвис.

Колумбия:

Мария Жозе Альварес Ривадулла, Себастьян Виллализар Сантамариа, Андрес Кастро Арауджо.

Индия:

Ишвар Модии, Рашми Жаин, Прага Шарма, Джуотти Сидана, Нидхи Бансаль, Панкаш Бхатнагар.

Индонезия:

Каманто Сунарто, Хари Нугрохо, Лусия Ратих Кусумадеви, Фина Итриати, Индера Ратна Иравати Паттинасарани, Бенедиктус Хари Джулиаван, Мохаммад Шохибуддин, Домингус Элидс Ли, Антониус Арио Сето Харджана.

Иран:

Рейханех Жавади, Абдулкарим Бастанни, Нияеш Долати, Мохсен Раджаби, Вахид Ленджанзаде.

Жапония:

Сатоми Ямамото, Фума Секигуши, Шинса Касе, Канако Матаке, Кахо Мияхара, Юки Накано, Ятаро Шимокава, Сакисе Иошиока.

Қазақстан:

Айгүл Забиров, Баян Смағамбет, Әділ Родионов, Дәуренбек Күлейменов, Ғани Мәди, Алмаш Тілеспасева.

Польша:

Якуб Барщевски, Мариуш Финкельштейн, Вероника Гаварска, Кишиштоф Губански, Кинга Якиела, Жустина Косинска, Мартина Макиуш, Миколаж Миерзежевски, Каролина Миколажевска-Зажак, Адам Мюллер, Патрисия Пендраковска, Зофия Пенза, Тереза Телезинска, Анна Вандзел, Жустина Зиелинска, Яшек Зих.

Румыния:

Косима Ружиниш, Корина Брагару, Костинел Анута, Телегди Балаш, Адриана Бондор, Роксана Брату, Рамона Кантаражиу, Александра Киосанел, Александру Дуту, Руксандра Лордаш, Михай-Богдан Мариан, Рамона Маринах, Анка Михай, Раду Нафорнито, Уна-Елена Негри, Диана Тихан, Елизавета Тома, Елена Тюдор, Кармен Вуанеа.

Ресей:

Елена Здравомыслова, Любовь Чернышова, Анастасия Головнева, Анна Кадникова, Ася Воронкова.

Тайвань:

Джинг Мао Ху.

Түркия:

Гюл Чорбаджиоглу, Ирмак Эврен.

Медиа кеңесшілер: Густаво Танигутти.

Шығарылым кеңесшісі: Ана Виллареал.

> Осы нөмірде

Редакциядан: Пәнаралық және пәндік

Күйрету қуаты: Фрэнсис Фокс Пивенмен сұхбат
Лорейн К.Миннит, АҚШ

Ислам мемлекетінің үндеуі – Франсуа Бургамен сұхбат
Сари Ханафи, Ливан

Әлеуметтану мен Антропологияның ерекше тарихы
Ян Бремман, Нидерланды

Қоғамдық әлеуметтанудың австриялық мұрасы
Рудольф Рихтер, Австрия

> ӨЗГЕРІСТЕГІ КУБА

АҚШ пен Куба: қайта қалыпқа келтіру қиын

Луис Е. Румбаут пен Рубен Дж. Румбаут, АҚШ

Нәсілшілдік және революция туралы: кубалық белсенді Норберто Меса Карбонелмен сұхбат

Луиза Стеур, Дания

Гаванадан бір сыпыра жаңалық

Луиза Стеур, Дания

> ТАЙВАНЬДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТАНУ

Күнбағыс қозғалысы және күреске дайын Тайвань әлеуметтануы

Минь-Шо Хо, Тайвань

Қайсысы маңыздырақ? Еңбекті әлде табиғатты қорғау қозғалысы ма?

Хуа-Жен Лиу, Тайвань

Тайваньдағы ата-аналардың қысымдағы статусы

Пэй-Цзя Лэн, Тайвань

Құлдырау барысы: 21 ғасырдағы Тайвань

Тхун-хоң Лин, Синика академиясы, Тайвань

Тайвань әлеуметтануының дамуындағы жалқы пен жалпы

Мау-Кью Чанг, Тайвань


Көше бұрышындағы әлеуметтану

Хонг-Зен Ванг, Тайвань

> ЕСТЕ САҚТАУ

Юрген Хартманн, 1944-2015: Нағыз интернационалист

Людмила Норс, ҰБ және Сильвия Трнка, Австрия



> Күйрету қуаты:

Фрэнсис Фокс Пивенмен сұхбат

Фрэнсис Фокс Пивен – халықаралық деңгейде мойындалған әлеуметтанушы ғалым және аса құрметті ұстаз. Ол өзінің есте қаларлық және тамаша мансабын кедей адамдардың мүдделерін қорғауға арнаған радикалды демократ және шабыттандырушы ғалым-қоғам қайраткері ретінде өткізді. Фрэнсис Фокс Пивеннің 1971 жылы Ричард А.Кловардпен бірлесіп шығарған «Кедейлікті реттеу: Әлеуметтік қамсыздандырудың атқаратын қызметтері» атты алғашқы кітабы бойынша қызу пікірталастар туындап, нәтижесінде әлеуметтік қамсыздандыру саясаты саласының жанаруы іске асты. Осыдан кейінгі жұмыстарда кедейліктің күйрету қуатының қазіргі АҚШ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің негізіне ықпал етуіне талдау жасалып (Кедейлердің қозғалысы, 1997), бірнеше еңбектер прогрессшіл әлеуметтік саясат пен саяси реформаларды сәтті жүзеге асыру үшін аса қажетті болды (Америкалық қоғамдық келісімнің күйреуі, 1997; Қиындыққа толы басқару, 2006). Ол әр уақытта ғылыми зерттеуді саяси белсенділікпен қатар алып жүріп, әлеуметтік қамсыздандыру құқығы үшін күресу, сайлаушыны тіркеу және Окьюпай қозғалысына (экономикалық және әлеуметтік әділетсіздікке қарсы қозғалыс) қоғамдық қолдау көрсету нақандарына алғаш бастамашы болды. Ол ешқашан өз ойларын танымал қарсыластарының бірі либералды экономист Мильтон Фридманның атакты телевизиялық пікірталасы сияқты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы көпшілікке жария етпеген. Фрэнсис Фокс Пивен көптеген атақ мен сыйлықтардың иегері, оның ішінде – 2007 жылы Америка әлеуметтанушылар қауымдастығының президенті қызметін атқарды. Осы сұхбатта оның еңбектеріндегі орталық идея – өзі құрастырған «тәуелсіз билік» ілімі туралы сөз қозғалған. 2015 жылдың 30 маусым күні Фрэнсис Фокс Пивенмен Нью-Йорк штатының Миллертон қаласында сұхбатты жүргізген АҚШ-тағы Ратжерс университетінің саясаттанушысы және ғалымы – Лорейн К.Миннит.



ЛМ: Мен сізден еңбектеріңіздегі ең алғашқы мақала «Саяси үдерістегі табыс деңгейі төмен адамдар» мақаласы және 1996 жылы Ричард Кловардпен қоса «The Nation»-де жарияланған аты-шулы «Кедейліктің салмағы» мақаласында орталық тақырып болған күйрету жайлы сұрағым келіп тұр. Біз қазіргі таңда күйрету туралы жиі естиміз. Соңғы техникалық құралдармен жабдықталған кәсіпкерлер жаңа кәсіпорындарды көңіл көтеру және пайда табу үшін «күйрету» мантрасын уағыз сияқты қайталай береді, ал әлеуметтік қозғалыстарға талдау жасаушылар да, өз кезегінде, осы ұғымды жиі қолдана бастады. Ұзақ жылдар бойы осы ұғым сіздің жұмыстарыңызда негізгі орынға ие болғандықтан, күйретуді әлеуметтік ілімдегі концепт ретінде қалайша түсінуге болатындығын айтып бере аласыз ба?

ФП: Бұл ұғым айтарлықтай жиі қолданысқа ие екендігіне қарамастан, мен адамдар оны әрдайым орынды қолданады деп ойламаймын. Технологиялық өнеркәсіп саласында бұл ұғым нарықтарға кедергі келтіретін инновацияларды білдірсе, әлеуметтік қозғалыстарды зерттеушілер оны шуға толы, тәртіпке бағынбайтын немесе кейде қаһарлы топтық іс-әрекет ретінде сипаттайды. Алайда шу мен

| Фрэнсис Фокс Пивен.

>>

тәртіпке бағынбаушылық күйретудің кей уақытта төменгі таптардағы адамдарға біршама билік күшін беретіндігін жеткілікті дәрежеде түсіндіріп бере алмайды.

Сіз менің ертеректе жазылған еңбегім туралы сұрадыңыз, ол кітап кедей қара нәсілділердің (сонымен қоса, Нью-Йорктағы пуэрто-рикалықтардың) наразылық қозғалыстары орын ала бастаған уақытта жазылған. Наразылық шаралар іс жүзінде аса шулы және тәртіпсіздік жағдайында өткен. Неліктен деп ойлайсыз? Мен осыған жауап іздедім. 1960-шы жылдардың басына қарай көптеген адамдар Оңтүстіктегі ауылды жерлер мен Пуэрто-Рикодан АҚШ-тың орталық қалаларына қоныс аударды. Күмәнсіз, олар жақсы өмірді аңсады. Алайда, олар үміт үзген кедей болғандықтары айқын. Үміт артқан қаладағы еңбек нарығы оларға тәуір жұмыс көздерін ұсынған жоқ, ал жергілікті басқару органдары оларға қызмет көрсетуден бас тартты. Сол себепті, осы адамдар барлығы бірге жиналып, шеруге шықты, көшелерде қатты дауыстады, қала әкімшілігі алдындағы көгалдарға қоқыс лақтырды. Нәтижесінде, оларға көптеген ақ нәсілді либералдар, оның ішінде көбісі әлеуметтік қамсыздандыру саласында істейтін кәсіби мамандар былайша жауап қайтарған: «Біз сіздердің мақсаттарыңызбен келісеміз, бірақ сіздердің әдістеріңізге қарсымыз. Әрине, сіздерге жұмыс орындары, табыс көздері, денсаулық сақтау қызметтері керектігі, сіздердің үйлеріңізге жылу мен ыстық су қажет екендігі ақиқат. Дегенмен, айқай-шу және қала тұрғындарына қолайсыздықтар бұл мәселелерді шеше алмайсыздар. Сіздерге, бірінші кезекте, барлықтарыңыз жиналып, дауыс беріп, араларыңыздан өкілетті адамдарды таңдауларыңыз қажет» - деген, яғни ол адамдар күнделікті тәртіпке бағынып, демократиялық саясаттың нормаларына бас июі тиіс еді.

Мені осы мәселе қаты толғандырды. Мен адамдар жасауға тиісті іс-әрекеттерді атқарды деген тұжырымға келдім, себебі оларға либерал одақтастары берген кеңес өте нашар болды. Іс жүзінде, шеруге шыққан адамдардың көбісі тек қана қажеттіліктерінің өтелуі сияқты қалыпты рәсімді талап етті. Олардың көбісі қала әкімшілігіне аз да болса ықпал етуге тырысты. Осы адамдар әлеуметтік жағдайларын жақсарту және басқа әлеуметтік қызметтерге қол жеткізу үшін әкімшілікке талаптар қойды, бірақ ақыр аяғында олардың дауыстарын ешкім елемейтіндігіне ғана көздері жетті.

Адамдардың осы күйрету тәсілдеріне бет бұруының басты себебі – оның аса тиімді тәсіл болғандығында деген тұжырымға келдім. Бұл – менің табыс деңгейі төмен адамдар неліктен кей уақытта күйретуге бейім болады деген сұрақты алғаш рет көтерген уақытым. Іс жүзінде, әрине осы кедей адамдар көп уақыт бойы тыныш болады, бірақ олар саяси алаңға шыққан кезде барлық іс-әрекеттерінде тәртіпке бағынбаушылық сипат жиі орын алады.

Біршама уақыт өте келе, Ричард Кловардпен қатар, менің ойымша, күйрету деп аталатын іс-әрекетті түсіндірудің неғұрлым терең және ақпаратқа бай анықтамасын құрастырдық. Менің айтпақ ойымды толық бағалау үшін

сіз бақылаудағы адамдардың ерекше іс-әрекеттерінен алшақтауға әрекет етіп, келесі сұрақты қоюыңыз шарт: Қоғамды қалыптастыратын өзара байланысқан іс-әрекеттердің күрделі жүйесінде немесе ұжымдық қарым-қатынастардың күрделі желісінде осы кедей адамдар қандай рөлдерге ие? Басқаша айтсақ, осы адамдар еңбек бөлінісінде қандай рөлдер атқарады?

ЛМ: *Бұл Дюркгейм ілімінің жалғасы ма?*

ФП: Иә, осы ойлардың қалыптасуына Дюркгеймнің ықпалы сөзсіз. Адамдар өздерінің рөлдерінен бас тартып, күйрету іс-әрекетіне бас бұруы қандай нәтижелерге алып келеді? Мүмкін күйрету тек қана үмітсіздіктен туындамайтын шығар, дегенмен ол іс-жүзінде билік көзі болып табылады.

Сонымен, басты түйін: кедей адамдар әр уақытта шеттеліп қалады. Бұл тұжырыммен келіспеуге болады. Кедей адамдар әдетте қоғам өміріне етене араласқан, алайда осы құбылыстың түпкі мақсаты - оларды бағындыру және еңбектерін пайдалану. Үй шаруасы бойынша жұмыскерлер немесе күтушілер, үйде медициналық күтім көрсетушілер, үй қызметшілері, аула сыпырушылары, жылдам тамақтану орындарының қызметкерлері немесе сатушылар, тазалаушы адамдар немесе қоқыс жинаушылар ретінде ғана маңызды рөлдерге ие. Соңғы бірнеше онжылдықта жұмыспен толық қамтылмау, сұраныс бойынша және келісім-шарт бойынша жұмыстардың таралуы себебінен қызмет көрсету саласындағы жұмыс түрлерінің біразы әлеуметтік қорғалмаған еңбек түрлеріне айналды, сонымен қатар еңбекақы деңгейі де төмендей түсті.

Шынымен осы жұмыскерлер билікке ие емес пе? Нью-Йорк, Лондон, Сан-Франциско немесе Бостон сияқты жаһандық деңгейдегі қалаларда тұратын үй қызметкерлері туралы ойланып көріңіз. Олар балаларға қарау, пәтерлерді тазалау және кешкі асты дайындау арқылы қазіргі кезде әл-ауқатты, білім деңгейі жоғары әйелдерге кәсіби маман немесе ортаңқол басқарушы ретінде жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Әрине, жұмыстағы әйелдер де үй шаруашылығымен айналыса алады, алайда үй қызметшілері арқасында олар жеке уақытын үнемдеуге мүмкіндік алады. Егер үй қызметшілері немесе балаға қарайтын адамдар жұмысқа шықпаған жағдайда, оның салдары экономиканың дұрыс қызмет атқаруына аса жауапты қорғаушы, есепші, басқарушылар қатарының жұмыс нәтижесіне әсерін тигізеді.

Басқаша жеткізетін болсақ, үй қызметкерлері белгілі бір дәрежеде билікке ие, себебі егер олар жұмысқа шықпайтын болса, олардың жұмыс берушілері еңбек орындарына бара алмас еді. Үй қызметкерлерінің қарсылығы айырбас жүйесі механизміндегі құм сияқты. Мен күйретудің осы түрін меңзеген едім, яғни өзара байланысқан қарым-қатынастардың күрделі жүйесінде ынтымақтастықта жұмыс істеуден бас тарту. Шын мәнісінде, бұл – ереуіл. Егер сен ынтымақтасқан жұмыстан бас тартсаң – жүйе жабылып қалады, яғни еркін әрекет ете алмайды. Ол әрекетін толықтай тоқтатпағанымен, қызметін дұрыс

>>

атқара алмайды. Жағдайды толығымен бәсеңдету немесе тоқтату қабілеті төменгі қабаттардағы адамдардың тарихи қалыптасқан билік құралы болған. Бұл – өзара тәуелділік және күйрету қуаты.

ЛМ: *«Кедейлердің қозғалысы» атты еңбекте сіз Ричард Кловардпен бірге бақуатты мемлекет құруды және әлеуметтік реформаларды іске асыруды түсіну үшін бұқаралық көтерілістің алатын орталық рөлі жайлы ой тастадыңыз. Сіздің ойыңызша, қазіргі уақытта күйрету іліміңізге және кедей адамдардың жеке өмірлерін жақсарту үшін өз билігіне пайдалануына қатысты қандай оқиғалар орын алуда?*

ФР: Көп жағдайда адамдар сайлау арқылы жүзеге асатын өкілеттік жүйені өздерінің үміттері жүзеге асатын алаң ретінде қабылдайды. Әрине, егер осы үміттер жүзеге асатын сипатта болса. Алайда, мен сайлау саясаты кедей адамдарға пайда әкелетіндігіне сенбеймін. АҚШта сайлау саясатындағы жемқорлықтың өсуінен, ал Еуропада трансұлттық институттардың ұлттық деңгейдегі шешімдерді жоққа шығаруы себебінен бұл жүйенің барлық адамдарға әкелер пайдасы барған сайын шамалы болады деп ойлаймын. Дегенмен, сайлау жүйесін елемей - үлкен қателік, себебі қозғалыстардың сайлау саясатының нәтижелері олардың сәтті әрекеттерінің немесе сәтсіздіктерінің айқын көрінісі.

Шын мәнінде, сайланбалы өкілеттілік демократиясы - ғажайып институттық құрылғы. Оның арқасында салыстырмалы түрде теңдік алаңы қалыптасады. Осы алаңда халықтың көп бөлігі маусымдық сайлауларға қатысу құқығына ие болып, өз дауыстары арқылы мемлекеттегі және үкіметтегі ықпалды саясаткерлердің сайлануына әсерін тигізеді. Басқаша айтсақ, сайлаушылар басқарушы элиталарды қызмет орындарынан және билік көзінен алшақтатуға қабілетті. Сайланбалы өкілеттілік демократиясы тағы ұйымдастыру құқығына кепілдік бере алады, демек осындай қаншама жеке сайлаушылардың ұжымдық дауыс қалыптастыру мүмкіндіктері бар.

Сайланбалы өкілеттілік демократияның бастапқы сипаттарының бірнеше түрлері бар және олардың барлығы аса маңызды. Бірақ мәні бойынша бұл құбылыстың негізгі қызметі - игіліктер азды-көпті тең үлестірілетін әлеуметтік өмір аймағын қалыптастыру. Аталмыш әлемдегі адамдардың барлығы дерлік қорларға ие және жоғары мансапты адамдар осы қорларға қатты тәуелді болатыны да маңызды.

Бұл жерде мәселе айқын – осы теңдік аймағы теңсіздік кең жайылған қалған қоғамнан оқшау орналаспағанында. Кең етек жайған теңсіздік құбылыстары міндетті түрде сайлау саласында болып жатқан өзгерістерге ауысып, оларға өзгерістерін енгізетін болады. АҚШ-тағы Жоғарғы сот Біріккен азаматтарының шешімі [үгіттеуге қатысқан топтарға қолдау көрсетуді бірнеше онжылдықтар бойы шектеп келген АҚШ заңдарының күшін жоюы] арқылы осы мәселе ушығуда, сонымен қатар осы бастамаларға миллиардтаған қаржы жұмсалуда. Осыдан бөлек, бұл

сайланбалы өкілеттілік жүйесінде дауыстар санының өкілеттік орындарға ауысу жүйесін белгілі бір дәрежеде Америка Конституциясы бұрмалайды, дегенмен, қазіргі күні бұрмалану деңгейі әлдеқайда өршіп кеткен, себебі қазір лоббишілер заң шығарушы ұйымның талқылауында отырып, саясаткерлерді тұрақты түрде пара арқылы өз жағына тартумен айналыса алады.

Дегенмен, менің пікірім өзгеше. Айта кетерлігі, сайланбалы өкілеттілік демократияның жарқын идеяларының ортасындағы негізгі ой – саяси элиталар мен дауыс беруші бұқара арасындағы өзара қалыптасқан байланыс орнату.

Әдетте қозғалыстар енді пайда болған кезде біршама адамдар белсенділерді қала көшелерінде шулы іс-шаралар ұйымдастырудың орнына реформа жүргізетін үміткерлерді сайлауға шақырады, бірақ қозғалыс белсенділері көп жағдайда сайланған саясаткерлерді мүлдем ұнатпауы мүмкін. Нақты өмірдің бұрмаланған түрлері кейпіндегі сайлау саясатының қозғалыстармен қарым-қатынас орнатып, қозғалыстарға және олардың билік көзі болып табылатын күйрету күшіне қолдау көрсету әдістерін ешбір тарап бағаламайды.

Саяси партиялар және үміткер ұйымдар идеяларын қолдайтын көпшілікті қалыптастыру арқылы жеңіске жетуге тырысады. Осы ойын жүзеге асыру үшін олар топтарды жіктерге бөлетін немесе қаржылық қамқоршыларды шеттететін мәселелерді басып тастауға мәжбүр. Қозғалыстар пайда болған кезде олар әдетте осы мәселелерді көтереді. Қозғалысты жақтаушылардың дауыстарына мұқтаж саясаткерлер жаңа талаптарға қарсы шығады. Олар «Әрине, мен нәсілдік бірігуді қолдаймын, бірақ бұл шара біртіндеп жүзеге асуы тиіс», - деп айтты. Осы жағдайда, біртіндеп деген сөздің мағынасы көбінесе әрқашан немесе ешқашан деген мағынаға ие. Саясаткерлердің талаптарды қанағаттандыруға тырысу фактісінің өзі қозғалыстардың үмітке немесе үмітсіздік сарынына толы үндеулері сайлау саясатында көрініс табатындығының белгісі бола алады. Егер қозғалыстар осы бастамадан әрі қарай дамуға қосымша күш жинаса, онда қозғалысты қолдаушылар саны өседі. Мысал ретінде Демократиялық партияның тұғырнамаларында олардың талаптары ескерілгендігіне көзі жеткен Азаматтық құқықтарды қорғау қозғалысын келтіруге болады.

Қозғалыстың қарқыны артқан сайын бұл саяси үміткерлерге анағұрлым көп қауіп төндіреді, себебі олар сайлауда жеңіске жету үшін сайлаушылардың үлкен блоктарын біріктіруі қажет, сонымен қатар олардың сайлауға қатысуында ақшалай пайда табу мүдделері жатыр. Саясаткерлер осы ұсақ топтарды қолдаушылар қатарына қосу үшін қозғалыстарға жеңілдіктер жасағандықтан, қозғалыстар біраз оңды жетістікке жетеді.

ЛМ: *Сіздің күйрету, өзара тәуелді билік, қозғалыстар реформаларға қол жеткізе алатын сайлау жағдайлары туралы ілімдеріңіз АҚШ тарихына терең зерттеу жүргізуіңіздің және жеке белсенді әрекеттеріңіз,*

әсіресе сіздің 1960-шы жылдарда Нью-Йорктегі Әлауқатты құқықтар үшін қозғалыстағы жұмысыңыз арқасында дамыды. Осы ілімдер басқа елдердегі саяси жағдайды қаншалықты дәрежеде түсіндіріп бере алады?

ФП: Бұл ілімдерді кейбір елдерде қолдануға болады, бірақ тек екі партия билік ететін АҚШ жүйесін осындай қозғалыстарға қатысты аса сезімтал екендігін ұмытпауымыз керек. Грекиядағы наразылық шаралары Бүкілгрекиялық социалистік қозғалыс (PASOK) бастаған одақты күйретіп, радикалды солшылдар одағының (Sygiza) жеңісіне алып келді.

ЛМ: Қазіргі кездегі қозғалыс-сайлау жағдайындағы өзгерістер арқылы Барак Обаманың сайлануын қалайша түсіндіруге болады? Сонымен қатар, прогрессшіл әлеуметтік реформалар үшін қандай шектеулер маңызды болды?

ФП: Обамаға сайлаудағы жеңісті жастар мен азшылық топтардың қолдауы алып берді. Ол қаржылық дағдарыс өзінің шарықтау шегіне жеткен кезде билікке келді, бірақ ешқандай деңгейде қозғалыстар әлі қалыптасып үлгермеген еді.

Өткен уақытқа шолу жасасақ, Обаманың президенттік билік етуі Герберт Гувердың уақытымен салыстырғанда әлдеқайда жақсы болды, себебі республикашылдар қатарынан сайланған Гувердің билік етуі 1929 жылдары қор нарығының құлдырауынан басталған Ұлы тоқырау жылдарымен тұспа-тұс келді. Дегенмен, кейбір белсенділер Обаманы Гувердің ізбасары – «Жаңа бағыт» саясатының авторы Франклин Делано

Рузвельтпен салыстыруға құлшыныс білдіреді. 1930-31 жылдары наразылық шаралары орын алған, бірақ олар тым қауқарсыз еді. Адамдарға болған оқиғаларды саралау, түйсінуді және олардың осы жағдайда не істей алатындықтарын бағалауы біраз уақытты талап етеді.


Ауқымды наразылық шаралары 1930-шы жылдары, яғни Ұлы тоқыраудың бірнеше жылдары мен Гувердің тығырықтан шығу уақыты жақын арада болатындығы жайлы үздіксіз қайталана берген уәделері арқылы жағдайды түзету әрекеттері орын алған жылдарда кең құлаш жайды.

2008 ж. да осыған ұқсас жағдай орын алды: алайда сол уақыттағы наразылық шараларына ұйымдарға жұмыс істейтін жас белсенділер саны көп болды. Дегенмен, бұл наразылық қозғалысы емес еді. Оқыпай, «Он бес үшін күрес» (қызмет көрсету саласының жұмыскерлері үшін жалақыны сағатына 15 долларға дейін көтеру үшін қозғалыс), «Қолыңды көтер, Оқатпа!» (полиция тарапынан нәсілшілдікке қарсы қозғалыс) және Висконсиндегі студенттер және жұмыскерлер наразылықтарының дамуы белгілі бір уақытты қажет етті. Әрине, егер осы наразылық шаралары 2008 жылы орын алғанда, Обаманың президенттік қызметі жоғары бағалауға ие болар еді. Қазір, 2015 жылы төмен еңбек ақы және қоғамдық тәртіпті сақтау мәселелерін қоса алғанда наразылық қозғалыстары шын мәнінде күшею үстінде деген түйінге келуге болады. Клинтонның президенттік құрған кезінде қозғалыстарды елемей мүмкін болмағандығының арқасында қалыптасқан жағдай бойынша қазір АҚШ-та қозғалыстар қарышты дамитын болады деген үміттеміз. ■

Хаттарды Фрэнсис Фокс Пивенге <fpiven@hotmail.com> және Лорейн Миннитке <lminnite@gmail.com> жолдауға болады.

> Ислам мемлекетінің үндеуі

Франсуа Бургамен сұхбат



Франсуа Бурга - саяси әлеуметтанушы және Француз ұлттық ғылыми зерттеулер орталығының (УГЗО) аға ғылыми қызметкері. Өзінің ғылыми мансабын Араб әлеміндегі саяси жүйелер мен азаматтық қоғамдарды талдауға арнаған. Франсуа Бурга исламдық бағыттағы қозғалыстардың іс-әрекеттерін романтикалық немесе сөгіс тұрғысынан бағалаудан алшак және кең таралған анықтамаларға батыл қарсы шығып, осы қозғалыстарды нақты түсінуге қабілеті бар сирек зерттеушілердің қатарында. Қазіргі уақытта Еуропалық зерттеу кеңесі аясындағы «Араб әлеміндегі авторитаризмнің құлдыраған кезі» атты жобаның ғылыми жетекшісі болып табылады және жоба бойынша *Pas de printemps pour la Syrie : Les clés pour comprendre les acteurs et les défis de la crise, 2011-2013* атты соңғы мақаласын [No Spring for Syria: The keys to understanding actors and challenges of the crisis, 2011-2013] жариялады. Сұхбатты жүргізген Бейруттағы Америкалық университеттің оқытушысы және ХӘҚ Ұлттық қауымдастықтар бойынша вице-президенті Сари Ханафи.

Франсуа Бурга.

2014 жылдың қыркүйегінен бастап ДАИШ-тың «күшею және кеңеюі» туралы үндеуі, сәтсіздікке орай, халықаралық әуе күштерінің әскери науқандарына қарамастан Ирак пен Сирияда іске асты. Бұл территориялық жағынан кеңею міндетті түрде биліктің күшеюін білдірмейді. ДАИШ құруды көздейтін «Суннит елі» идеясы сол аймақта ғана емес, сонымен қатар жаулап алынған халықтардың арасында әлі де дауға толы. 2014 жылдың соңында ОББ-ның санағы бойынша Сирия мен Ирактағы ДАИШ-тың әскері 20 000 – 31 500 адамнан тұрады, бірақ басқа санақтар бойынша әскер саны 200 000 жауынгерге дейін жетеді. ДАИШ әскерінің жаңа жерлерді жаулап алуы осы аймақтағы қатаң режимді мемлекеттердің құлдырауы мен идеологиялық айырмашылықтар контекстісіне байланысты болды. ДАИШ және оның бөлімшелері әртүрлі елдерде жұмыс істейтіндігі күмәнсіз, сол себепті бұл қозғалыс ғаламдық ерекше құбылыс сипатына ие. Мысалы, 6 мыңнан астам еуропалық, оның ішінде 1,5 мың Франция азаматы Сирияға соғысуға аттанған. Соғысқа кеткен еуропалықтардың көбісі мұсылман отбасыларында туылған, алайда олардың арасында исламға бет бұрғандар да аз емес. Осы сұхбатта Франсуа Бурга еуропалықтарды ДАИШ құрамына қосылуға итермелейтін мотивтер туралы ойларымен бөлісті.

СХ: ДАИШ аймақты сипаттайтын жаңа саяси қиялды тудырды: шекараларды мойындамау, империя құру, т.б. Бұл іс-әрекеттер жастарды өз қатарына тартудың құралы деп есептейсіз бе?

ФБ: Иә, әрине. Адамдарды өз қатарына тарту әдістері көп және әртүрлі болғанымен де, біз неғұрлым таралғандарына тоқтала аламыз. Мотив берудің түрлерін нақтылау үшін мен екі категорияны ұсынар едім: мысал ретінде, Франциядағы сияқты адамдардың шығу тегін мойындамауды үйрететін «жағымсыз» мотивтер және жеке адамдарды ДАИШ-тың қатарына тарту сияқты «жағымды» мотивтер. Ағымды және жағымсыз мотивтерді тереңірек қарастырудан бұрын маған алдымен ДАИШ үндеулеріне баламалы түсінік беруіме рұқсат етіңіз. Яғни, «идеологиялық» немесе «діни» сипаттарға негізделген және Сайид Кутб еңбектерін оқудан немесе осы «радикалды» иманға шалғай аймақтардан, әлде интернет желісі арқылы әбден бүлінген жастар санасының улануына барлық кінәні «радикалды исламға» артатын тұжырымдамаларға тоқталуға болады.

Менің пікірімше, осы (исламдық) ұғымдарды қолдану радикалдануды қарқындатуы мүмкін, бірақ бұл құбылыс адамдардағы тұлғалық өзгерістерді түсіндіре алмайды. Радикалданудың әлемдік тарихы бойынша бүлік шығарушы адамдардың ұғымдары олардың қарсылық шарасының түп тамырымен шатастырылмауы қажет. Яғни, бүлік жасағысы келген адамдар діни ұстаным немесе догмаларға қарамастан өз әрекеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін және ақтайтын діни немесе діннен алшақ символдық қорларды әр уақытта ойлап табады. Джихадтық зомбылықтың «исламологиялық» түсініктемесі Батыс елдерінде кең таралған, себебі ислам

дініндегі қылмыскер адамды табу арқылы олар сырт бақылаушылар (мұсылман емес адамдар) ретінде өздері жауапкершіліктен бас тарта алады. Осы уәждемелердің артында көп жағдайда джихад жасаушылар «дұрыс сүрелерді» оқымайды немесе оларды «жеткілікті дәрежеде мұқият» оқымайды, не болмаса оқығандарын дұрыс түсінбейді деген «педагогикалық елес/иллюзия» жатыр, яғни осы тұжырымдамалардың барлығы ислам әлемі үшін радикализмнің күйретуші сипатын меңзеп, ғаламдық деңгейде осы мәселені шешу үшін бірнеше миллион мұсылманның діни білімін жақсарту керек деген ұсыныстарға алып келеді. Мен осы әдістің шектеулерін түсіндіріп беруге міндетті емеспін.

СХ: Сұхбат басында сіз атап өткен «жағымсыз» мотивтерге оралсақ қалай болады?

ФБ: «жағымсыз» мотивтер джихадшылардың бойындағы «жаһандық окшаулану» сезіміне, яғни олардың өсіп-жетілген қоғамнан өздерінің алшақтауы салдарынан болатын жағдайларға негізделіп жасалған түсініктемелер. Осы джихадшылардың арасында әлеуметтік-экономикалық жағдайы нашар немесе ересек өмірге бейімделу қиыншылықтарымен кездескен азшылық топ өкілдері бар. Көбінесе, осы азшылық топ өкілдерінің джихадшылар қатарына өтуі Еуропа елдерінде шыққан тегі Солтүстік Африкалық немесе «исламдық» отбасының мүшесі болу қиыншылықтарымен ерекше байланысты болады.

Басқаша айтатын болсақ, француз джихадшыларының көбі Сирияға кетіп қалуының арғы жағында олардың қоғамдағы жеке немесе топтық танбалануға (стереотиптер арқылы адамдарға жағымсыз көзқарас): білім берудегі және еңбек нарығындағы теңсіздікке, полиция немесе заң тарапынан кемсітуге және т.б. жайттарға өздігінше саяси жауап қайтаруы жатыр. Сонымен қатар, осындай теңсіздік екі деңгейде саяси өкілеттіліктің жеткіліксіздігіне ықпал етеді. Біз бұл жағдай туралы ашық айта бермейміз, дегенмен сайланбалы өкілеттілік жүйесінің дұрыс істемейтіндігіне статистикаға қарасақ көз жеткіземіз. Алайда, қоғамдағы өз еркін білдіру бостандығын

жүйелік шектеулер, әсіресе кең таралған бұқаралық ақпарат құралдарындағы шектеулер, одан да асқан зардап алып келеді. Одан тыс, осы теңсіздік мәселесі бұқаралық ақпарат құралдары «ресми» және қоғамның тиісті топтарының өкілдері болып табылмайтын исламдық «тұлғаларға» аса назар аударуы нәтижесінде одан әрі ушығады.

Саяси үстемдік етудің осы екі жойқын қабатын қолдану отарлық кезеңнен басталған. Біріншіден, бодан болған халықтардың үн қатуына тыйым салынды және олар отарлық үстемдік етудің шарттарына көнген жалған өкілдерді тыңдау арқылы ұлттың бір бөлігі болып табылуы туралы алдамшы сезімге ие болды. Жиырма жыл бұрын, 1995 жылы Алжирдағы азаматтық соғыс уақытында мен жас француз мұсылманынан сұхбат алғанымда, ол маған осыншама кемсітушілік басым қоғамда «басқалармен қатар өмір сүрудің» қиыншылықтары туралы баяндап

>>

берді: «Француз телеарналарында Алжир, Палестина немесе ислам жайлы айтқанда, біз каналдарды ауыстыруға мәжбүр боламыз! Мосье, бізге сенсеңіз, каналдарды соншалықты жиі ауыстырғандықтан тіпті саусақтарымыз ауыра бастайды!» Эмигранттарға және олардың ұрпақтарына қатысты осындай бағдарланған жиіркеніш сезімі түкіру немесе басқа орамал байламауды талап ететін әйелдер мен қарындастарға бағытталған зорлық әрекет етуге ұласуы әбден мүмкін.

СН: Бізге ДАИШтың «жағымды» үндеулері жайлы толығырақ айтып бере аласыз ба?

ФБ: Иә, азаматтардың өздерін және өздерінің адами талаптарын мойындамайтын әлеммен қош айтысу мұқтаждығы жағымды мотивтермен қатар дамыды. Экономикалық және әлеуметтік ортаға өте жақсы сіңген мұсылмандар үшін де кей кезде қатты күшейетін мотивтер немесе жағымсыз мотивтердің орнын басатын мотивтер пайда болады. Жаңа мотивтер адамдарды алғашында Сириядағы жанжалға және оның халықаралық алаңдағы салдарына радикал ретінде араласуға итермелейді. Тарихи тұрғыда, джихадшылар қатарына адамдарды тарту әртүрлі ұлттар арасындағы идеологиялық немесе діни тілектестік арқылы жүзеге асады. Олардың өз қылықтарын ақтайтын себептердің арасындағы жиі қолданатындары – жеткілікті дәрежеде қарапайым ой, Батыс тарапынан ұмыт қалған және Асад тікұшақтарынан боратылған жарылғыш заттардың баррельдерінен біршамасы қаза болған өздерінің дін жолындағы бауырларына көмек көрсету ынтасы. Еуропа тарихына үңілетін болсақ, осындай ұлттар арасындағы және мемлекетаралық тілектестік ерекше жағдай емес. Мысалы, 1936 жылы Испаниялық республикашылдарға көрсетілген ұлтаралық қолдау нәтижесінде «халықаралық бригадалар» құрылып, олардың қатарына біраз атақты француз қайраткерлері кірген. Одан тыс, француз Реджис Дебрениң (Президент Франсуа Миттеранның бұрынғы арнайы кеңесшісі) Боливиядағы партизандық қозғалысқа қосылуын айтуға болады. Арасында көбісі француздар болған бірнеше жүздеген христиан азаматтардың Ливандағы азаматтық соғыс кезінде фалангистер қатарында соғысқандығы жайлы естігеніміз тағы бар. Сонымен қатар, кейде халықаралық құқыққа қайшы, басып алынған аумақтарда өткізілетін әскери іс-әрекеттерге қатысқан Израиль әскерінің қатарындағы француз азаматтарын қарастыруымызға да болады.

Дегенмен, гуманитарлық тілектестік идеясын білдіруден бөлек, ДАИШ – тың өз үндеулерін құру барысында өздерін утопиялық мемлекеттің өкілі ретінде сипаттауы жатыр. Яғни, мұсылмандарға тәуелсіз «Суннит елін» құру арқылы туылған жерлеріндегі қиыншылықтардан шектейтін және олардың діни ұстанымдарын өздерінше қабылдауына мүмкіндік беретін орынды (ДАИШ өкілдері оны осылайша түсінеді) қалыптастыру. Бұл жайт Хомейни кезіндегі Иранда шейіттерге жасалған ерекше жағдайларға ұқсайды. Одан бөлек, қиялдағы жаңа әлемде мұсылмандар исламофобия көріністерінен қажет жағдайда қатал шаралар арқылы қорғана алады, сонымен қатар, олар бомбалар немесе мультфильмдер мысалындағы әскери немесе символдық зомбылық көрсетуге қарсы тең дәрежеде қарсы іс-әрекет жасай алады.

Ресми деректер терең контекстке назар аудармайды. 7-ші қаңтар күні Париждегі шабуылдарды талдау әрекеті барысында Калашников мылтығынан қаза болған құрбандардың өліміне «террористер» кінәлі деген үстірт шешімдер жасалды. Үкіметтер және бұқаралық ақпарат құралдары ұқсас жағдайда израильдік F-16s, француз жойғыш ұшақтары Рафале немесе АҚШ-тық дрондар пайдаланылған қылмыс түрлерін елемейді. Сол себепті біз орын алған жағдайға сырттан көз тастап, осы қарама-қайшылықтың кеңістіктегі және уақыт өлшеміндегі «кеңірек» өлшемдерін қарастыруымыз керек. Жағымсыз сезімдердің қаншалықты радикализмге апаратындығын түсіну үшін осы жағдайлардың халықаралық және тарихи көріністеріне қанық болуымыз қажет. Тек осыдан кейін ғана біз бұл жәйттардың отаршылық уақытынан бастау алған терең саяси өзгерістер салдарынан болғандығын түсіне аламыз. Кейінгі уақытта, осы саяси өзгерістер Мали немесе Ирак, Газа Секторы немесе Йемен сияқты елдерде тікелей Францияның біржақты саясаты арқылы немесе Израиль және АҚШ сияқты үшінші тараптармен одақтастық арқылы қайта жанданды.

Осындай ертерек орын алған жанжалдар мен басқыншылық әрекеттер болмаған жағдайда Париждегі оқиға да болмаушы еді. Оқиғаның себептеріне терең тарихи талдау тек қана әлеуметтанулық көрсеткіштерге иек артқан «талдаулардың» көбісінде жоқ болды. Қорытындыласақ, 11 қыркүйек оқиғасынан кейін он бес жылдан бері осы шабуыл жайлы әлеуметтану бізге не үйрете алды? Менің айтарым... ештеме деуге де болады. ■

Хаттарды Франсуа Бургаға francoisburgat73@gmail.com және Сари Ханафиге sh41@aub.edu.lb жолдауға болады.

> Әлеуметтану мен Антропологияның ерекше тарихы

Ян Бреман, Амстердам университеті, Нидерланды



Доктор Дж.В. де Бройн, голландтық Жаңа Гвинеядағы үкіметтік антрополог. Этнология ұлттық мұражайынан (Лейден, Нидерланды) алынған сурет.

Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы бөлігінде Нидерландыдағы әлеуметтік ғылымдардың негізін қалаушы әлеуметтану мен антропология арасын ажырататын шекараны анықтады. Антропология «аса қатты дамымаған» қоғамдарды зерттесе, әлеуметтану назарында «озық дамыған» қоғамдардың, көбіне ол Батыста орналасқан елдер, әлеуметтік құрылымы. Бұл өте қарапайым анықтама, дегенмен барлық дәлелдер де іс жүзінде өте қарапайым екендігіне тез көз жеткізілді.

Он жетінші ғасырдан бері өздерінен қашық теңіздің арғы жағында орналасқан және жергілікті халықтың әлеуметтік

>>

құрылымы мен мәдениетін тану мұқтаждығына ие елдерді басқару арқылы Нидерланды отаршыл империя құра алды. Ост-Индия елдері сияқты халық саны көп, бірнеше сатылы таптық қабаттарға ие және сауаттылық деңгейі жоғары қоғамдарды сипаттағанда олар аборигендер (біздің тұрпайы арғы ата-бабаларымыз сияқты өркениеттен тыс қалған және көлемі бойынша үлкен өмір сүру ортасын мекен еткен шағын және мемлекеттік сипатқа ие емес тайпалық бірлестіктер) деген ұғымға қарағанда, жергілікті халық түсінігін қолданған. Метрополиялардың отар жерлерде табылған құнды заттардың барлығын алып кетуін және пайдаға кенелуін ақтайтын отаршылықтың бастапқы идеясы қайта қарастыруды талап етті. Отаршылық ендігі ретте өркениеттілік борышы/миссиясы ретінде сипатталды.

XX ғасырдың басында шетелдіктердің басым болуы қамқорлық жасау, отарларға озық болуға көмектесу ретінде сипатталды, ал атакты даму (*mise en valeur*) түсінігі құндылықтарды жоқ жерлерге таратуды көздеді. Голландиялық отаршыл әлеуметтанушының рөлі Африкадағы британ үкіметіне жұмыс істейтін антропологтың рөліне ұқсас болды: жергілікті басшылыққа саясаттың ықпалы жайлы кеңестер беру, сонымен қатар исламдық қозғалыстың артып келе жатқан қарқының қалайша бақылауда ұстау бойынша, әлеуметтік көтерілістердің белсенділерін іздеу бойынша,

отар елдер басшыларын толғандыратын сұрақтарға жауап беру, Явадағы шаруалардың бойына капитализм рухын сіңіруді қалайша жүзеге асыру бойынша кеңестер беру. Өркениеттендіру борышы/миссиясы «қазіргі уақытта жергілікті тұрғындардың басынан кешкенің біз баяғыда өткенбіз, ал қазіргі біздің жағдайымыз міндетті түрде оларға келеді» деген ұран тастады. Еліктеуге негізделген өзгерістерге бастама жасау үшін отар халықтар өздерінің тарихы мен идентификациялау ерекшеліктерінен арылып, тарихы жоқ халық ретінде қайта қалыптасуы қажет болды.

XX ғ. ортасындағы еркіндік үшін күрес нәтижесіндегі отаршылық ережелердің жойылуы ақ нәсілді адамның иығындағы жүкті жеңілдетті ме? Шалғай жерлерден жиналған байырғы дәстүрлер мен білімдер негізінде қалыптасқан ғылыми кеменгерлік жоғалып кетпеу керек деген уәждермен голландиялық саясаткерлер бірнеше университеттерге, атап айтсақ Лейден және Амстердам университеттеріне, бұрынғы отарларының күрделі қоғамдарын зерттеумен айналысатын кафедралар мен курстарды ашу мүмкіндігін жасады. Жаңа бағыт «батыстық емес» әлеуметтану деген атауға ие болды. Бұл әдеттен тыс шешім болды, себебі бұл бағыт осы қоғамдарда бұрын сонды болмаған, бірақ өтпелі кезең деп сипатталған жолдан өтуі нәтижесінде болуы ықтимал жағдайларды зерттеуді көздеген. «Батыстық емес



1906 жылы Жаңа Гвинеяға жасалған алғашқы экспедицияда голландтық кісі папуас әйелдің қолын алмақшы. Папуас әйел түсінбестік танытып тұр. Этнология ұлттық мұражайынан (Лейден, Нидерланды) алынған сурет.

әлеуметтану» жеке пән ретінде антропология (Папуа Жаңа Гвинея мен Суринам сияқты жерлердегі тайпалық одақтарды зерттеуге бағытталған) мен (батыстық) әлеуметтану ортасында орналасқан болатын. Нидерландының ерекшелігі - осы елдің қалған Еуропадан оқшаулығында, яғни бәрі мойындаған Вебер, Теннис немесе Дюркгеймнің әмбебап ғылыми ойларын қабылдамауында.

Осы Батыс әлемін орталық ретінде қарастыратын әдіс тәжірибешіл әлеуметтанушылардың назарларын сол уақытта үшінші әлем елдері деген сипатқа ие зерттеу алаңынан тыс аударуға мүмкіндік берді, себебі олар ғаламдық Солтүстіктегі «қазіргі заманғы» қоғамды зерттеу ілімдерін шектеу қаупіне тап болды. Дегенмен, өркениеттендіру борышы/миссиясы постотарлық дәуірде «артта қалған» мемлекеттерге «көш басындағы» елдермен қарым-қатынас орнатуына ресми түрде көмек көрсету түрінде жүзеге асты. Қаншама түрлі халықтар мен мәдениеттерді бір топқа біріктіріп қарастыратын «батыстық емес» деген қолайсыз анықтама ендігі кезде даму жағынан қалыс қалған ғаламдық Оңтүстік елдерінің дамуын ілгерілетуді мақсат қойған әлдеқайда тартымды манифестпен алмастырылды. Адамзаттың басым бөлігіне туған жер болып табылатын әлемнің қалған бөлігі үшін аграрлық-ауылдық өмір сүру тәртібінен өнеркәсіптік-қалалық өмір сүру тәртібіне алып келетін эволюциялық өтпелі кезеңді басынан кешіру үрдісі қаншалықты қиын тиетіндігі туралы жүйелік зерттеулермен айналысатын әлеуметтанудың дамуына осы манифест өз ықпалын тигізді.

Сонымен қоса антропология саласы да өзгерістерге ұшырады. «Кезінде өмір сүрген біздің бабаларымыз» қазіргі уақытта жоқ. Ондай адамдардың біразы жаппай таралған прогрес ықпалымен Австралия, Азия, Африка және Америка құрлықтарындағы адам аяғы баспаған жерлерді паналау арқылы жойылу қаупінен аман қалса, ендігі бір бөлігі үлкен мемлекеттік құрылымдарға бірігу арқылы барынша сақтап қалуға тырысқан қандай да болсын автономия түрін жоғалтып алды. Алайда, әлеуметтанушыларға қарағанда өзгеше зерттеу әдістерін қолданып, «алаңдағы жұмыстар» деп аталатын тәжірибені іске асыру арқылы басқа әдістерді табу арқылы антропологтар ілгері жылжыды. Яғни олар зерттеу объектісі болып табылатын адамдардың араларына кіріп, олардың тарихи болмысымен танысу арқылы оларға жақындай түсті.

Дегенмен антропология мен әлеуметтану арасын бөлетін шекараны қалай белгілеуге болады? 1950 жылдарда мен Азия елдерін зерттеуге бел бұған уақытта, Амстердам университетіндегі антропология профессоры антропология дәстүрлерді зерттеуге бағытталса, қазіргі өмірді зерттеу әлеуметтанудың бағыты болу керек деп тұжырымдады.

Жүргізілген шекаралық сызық бастапқыдан дұрыс жұмыс істемеді, себебі осылайша бөлудің әр қырының сипаттарын нақты көрсету мүмкін емес болды. Қос пән үшін маңызды ізденістерге өзгеріс үрдісінің нәтижесінен, қалайша және қандай салдар арқылы дамитындығы жатады. Екі пәнде де дәстүрлі мен қазіргі уақытты өзара қарама-қайшы құбылыстар ретінде қарастырудың орнына бұрынғы мен қазіргі уақыт арасындағы ара-қатынас талқыланады.

1987 жылы өзімнің білім алған университетімде салыстырмалы әлеуметтану профессоры болып тағайындалғанда, маған «батыстық емес» немесе «даму бойынша» зерттеулер деп аталатын кафедраға қарсы көзқараста болып, аға әріптесім екеуіміз Амстердамдық әлеуметтік ғылымдар бойынша зерттеулер мектебінің (AÖF3M /ASSR) негізін салдық. Сол мектепте жаһандану қарқыны бойынша тарихи әдістер көмегімен зерттеулер жүргізу арқылы әлеуметтану, антропология және әлеуметтік тарихты ұштастыру мақсатын көздеген PhD бағдарламасы ашылды. Біздің академиялық бастамамыз айтарлықтай сәтті болғанына қарамастан, біз осы бағдарламаны әрі қарай қаржыландыруға Ұлттық демеушілік агенттікті және Амстердам университетінің басқармасын көндіре алмадық. Осылайша, қолдауға аса тапшы болған жағдайда уақыт өте келе AÖF3M өз қызметін тоқтатып, Амстердам әлеуметтік ғылымдар бойынша зерттеу институты болып қайта құрылды. Біздің факультеттегі оқытушылар әрқайсысы өзіндік зерттеу жұмыстарымен айналысатын әлеуметтану мен антропология кафедраларына бөлініп кетті.

Классикалық жұптың тағы да бөлінгені ме? Көп дәрежеде иә деуге болады, себебі олардың зерттеулік назарында Батыс пен қалған әлем, яғни соңғы кездердегі «анағұрлым дамыған» және «аса дамымаған» ұғымдарының сәйкесінше синонимдары. Пәндердің арасындағы ара жікті қайта бөлу біршама себептер бойынша қатты шатасуға алып келетін шара, бірақ олардың ішіндегі ең басты себеп – қазіргі заманда озық және артта қалған елдер арасындағы әлеуметтік және гео-саяси айырмашылықтарды зерттеу бұрынғы кездегідей аса үлкен құндылыққа ие емес. Дамушы елдердің дамыған елдерді қалайша қуып жететіндігін жете түсіндіріп бере алатын өзгерістерді жүзеге асырудың жарқын бағыты келмеске кетті. Қалған әлем көп жағдайда Батыстың өткен жолына ермейді және кім білер, өзгерістердің бағыты мен қарқыны басқа даму жолдардың бар екендігінің жақсы дәлелі болуы ықтимал. ■

Хаттарды Ян Бремманға <J.C.Bremman@uva.nl> жолдауға болады.

> Қоғамдық әлеуметтанудың австриялық мұрасы

Рудольф Рихтер, Вена университеті, Австрия, ХӨҚ үшінші әлеуметтанулық форумын ұйымдастырушы жергілікті комитетінің төрағасы, Вена, 2016



Мариентальдағы тоқыма фабрикасы, 1914. Австриядағы Грац Университетіндегі әлеуметтану тарихының мұрағаты.

ХӨҚ үшінші әлеуметтанулық форумның тақырыбы, осы форумның Президенті Маркус Шульцтің ұсынысы: «Біз қол созып отырған болашақ: жаһандық әлеуметтану және жақсы әлем үшін күрес» деп оқылады. Өтетін орны да атына сай: австриялық әлеуметтану ғылымның ықпалы мен әлеуметтік жауапкершілікті біріктіруге талпынумен ерекшеленгеніне біраз уақыт болды.

1930 жылдары, Бірінші дүниежүзілік соғыс салған жараның орны жазыла бастаған 20-жылдардан кейін, австриялық қоғамды Ұлы депрессия шарпыды. Поль Лазарсфельд статистика мамандары Ганс Зейцель және Мари Ягодамен бірлесе отырып, Мариенталь қыстағында кәсіпорын жабылғаннан кейінгі жаппай жұмыссыздықтың салдары қарастырылған атақты «Мариенталь зерттеуін» жүргізді. Мари Ягода неміс

тіліндегі алғашқы басылымға жазған алғысөзінде зерттеушілердің мақсатын былайша түсіндіреді: біріншіден, Мариентальдағы жұмыссыздық мәселесін шешуге өз үлестерін қосу; екіншіден, осы әлеуметтік жағдайға объективті талдауды ұсыну. Австриялық әлеуметтану күні бүгінге дейін осындай мақсаттан бас тартқан емес: әлеуметтік мәселелерге ұдайы ғылыми зерттеу жүргізіп отыру.

Кейінгі басылымдардың бірінің алғысөзінде Лазарсфельд зерттеушілер Мариентальға қатысты зерттеуде жаңа әдістерді ұсынғандығын атап көрсетті, яғни қыстақ тұрғындары қозғалысының жылдамдығы мен уақыт қорын пайдалануы, мектеп оқушыларына өз қалаулары туралы эссе жаздыру, кітапхананың қолданыстағы кітап-тарға қатысты статистикалық мәліметтерін қолдану, сонымен қатар отбасылардан азық-түлікке есеп жүргізуін өтіну.

Форум тақырыбы тұрғысынан қарар болсақ, Мариентальды зерттеушілер болашақ туралы қандай да болмасын бағалау пайымдауларын ұсынбағанын және балама болашақты ойлап табуға тырыспағанын айтқан абзал. Дегенмен, зерттеу «жақсы әлем үшін күрес» үлгісін ұсынады: шешімі табылуы тиіс әлеуметтік мәселелерді дәл түсінуге мүмкіндік береді. Жеке адам және жалпы қауымдастық үшін жұмыссыздық зардабын айқын көрсете отырып, зерттеу күнделікті өмір қалпының бұзылуы мен оған мойынұсыну әдістерін мұқият қарастырады. Осылайша әлеуметтік мәселені егжей-тегжейлі сипаттау саясаткерлерді жауаптырақ болуға үйретті.

Венадағы ғылыми қауымдастыққа басқа топ, яғни Вена үйірмесі үлкен ықпал етті. Әлеуметтанулық білімді қоғамға таратуда Рудольф Карнап пен логикалық позитивизмнің басқа да



Мари Ягода, Ханс Зейсель, Пол Лазарсфельд пен Лоте Шенк-Данзингер құрметіне Мариенталь мұражайы. Австриядағы Грац Университетіндегі әлеуметтану тарихының мұрағаты.

жақтастарының, соның ішінде статистик Отто Нейраттың ықпалы орасан зор болды. Бұл – австриялық әлеуметтануға тән нәрсе. Нейрат суретші Герт Арнтцпен бірге керемет статистиканы жасады, әлеуметтік статистикамен көпшілікті таныстыру мақсатында Венада қоғам мен экономика музейінің негізін қалады. Музей күні бүгінге дейін бар. Вена үйірмесінің логикалық позитивизмі – австриялық әлеуметтанудағы мектептердің біреуі ғана. Басқасы Карл Поппер атымен байланысты. Оның атақты «Ашық қоғам және оның жаулары» кітабы «жабық» коммунистік қоғамдарға қарсы сүбелі пікірталастарды тудырды.

Кітаптың жеке тұжырымдарына тоқтамай-ақ Карл Поппердің саяси дәйектерінің айқын сипатын атап көрсетсек: болашақ үшін қоғамдар ашық болуы тиіс, олардың барлығы тарихы бар және болуы тиіс. Қоғамды сыртқы ықпалдан жабық ұстауға және мінсіз әлем орнатуға тырысқан кез келген қадам, осы мақсат қандай дәрежеде ізгі болса да, тек тоталитаризмге алып келеді. Ол - «біз қалаған болашақ емес».

XX ғасырдағы екі дүниежүзілік соғыс австриялық ғылымдағы жағдайға, Орталық және Шығыс Еуропаға зор ықпал етті.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін 1960 жылы Вена Университетінде әлеуметтану кафедрасының ашы-

луымен австриялық әлеуметтану бәрін қайтадан бастады. Бастапқыда әлеуметтанушылар қаладағы баспана, жастардың жағдайы мен ұрпақаралық қатынастар сияқты әлеуметтік мәселелерді өз зерттеулерінің негізгі бағыттары ретінде қарастырды. Австриялық әлеуметтанушылар үкімет үшін отбасының ахуалы және қартаюшы қоғамдағы адамды күтудің маңызы туралы зерттеулер жүргізді және есептерді үйлестірумен айналысты. 1970-жылдардан бастап, зерттеушілердің көбі көші қон мәселесін сараптай отырып, жаңа ұстанымдар негізінде саясаткерлерге кеңес бере бастады. Теңсіздік пен жіктелуді құрылымдық талдау зерттеулердің маңызды бағыттарын құрды. Әлеуметтанулық зерттеулер қоғам тарапынан үлкен қызығушылыққа ие болып, баспасөзде жиі талқыланды.

Соңғы жылдарда австриялық әлеуметтануды ерекшелік тұрған жағдай ретінде әлеуметтік мәселелерді ғылыми әлеуметтанулық әдістер негізінде зерттеуге қарай бағытталу сипаты айқындайтын сияқты. ХӘҚ форумының блогы көрсетіп отырғандай, болашақта австриялық әлеуметтану осы дәстүрді сақтайды деп ойлаймын <http://isaforum2016.univie.ac.at/blog/>.

Ғылыми білім мен әлеуметтік ықпалдың интеграциясы ХӘҚ үшінші форумының тақырыбымен тығыз

байланыстағы сұрақтарды қойып отыр: біз қандай болашақты қалаймыз? Және ол үшін қалай күресеміз?

Екінші сұрақтан бастайын: қалай күресеміз? Менің ойымша, әлеуметтанушылар әлеуметтанушы ретінде жүйелі, ғылыми негізде, талдаулар арқылы, бір кезде Юрген Хабермас айтқандай, асқан қызығушылықпен күресулері керек. Әлеуметтанушылар үшін жақсы әлем үшін күрес әлеуметтік мәселелерді жақсырақ түсіну үшін әлеуметтанулық әдістер мен теорияларды жақсарту үшін күрес болып табылады.

Бұл «біз қандай болашақты қалаймыз» деген бірінші сұраққа оралтады. Егер біздің заманауи қоғамымыздағы екі әлеуметтік мәселені – терең теңсіздік және ресурстарға қол жеткізудегі теңсіздікті алсақ, онда осындай мәселеден ада болашақтағы мінсіз қоғамды сипаттау өте қауіпті болар еді. Мінсіз қоғам барлық кезде тоталитарлық, әсіресе, адамдардың тобы, соның ішінде әлеуметтанушылар да, ақиқат білетіндеріне нық сенімді.

Бізді нақты қандай қоғам күтіп тұрғанын жарияламас бұрын, Карл Поппер сияқты өзгеріске дайын, тұрақты тарихы бар қоғамға талпынатынымызды айтқан дұрыс. ■

Хаттарды rudolf.richter@univie.ac.at жолдауға болады.

> АҚШ және Куба: қайта қалыпқа келтіру қиын

Луис Е.Румбаут, Куба-Америка альянсы, Вашингтон, Колумбия штаты, АҚШ және
Рубен Дж.Румбаут, Калифорния университеті, Ирвин, АҚШ



Куба революциясына не болды? Хосе Марти мүсіні Че Гевараның бейнесіне Гаванадағы Plaza de la Revolución арқылы қарап тұр.

Өткен жылдың желтоқсанындағы он үш минуттық баяндамасында Президент Барак Обама Куба экономикасын тұншықтыруға бағытталған 53 жылдық саясатты сәтсіз деп бағалап, тоқтатқан еді. Америка Құрама Штаттары немесе кем дегенде оның атқарушы билігі, жақсы көрші әрі сауда серіктесі болуды назарда ұстай отырып, дипломатиялық қарым-қатынастарды қалпына келтіруді көздейтін жаңа тәсілдерді сынап көруге әзір болатын. Кубаның 19 ғасырдағы ұлы ойшылы әрі ұлттық батыры Хосе Мартидің сөзімен айтқанда, тереңде жатқан мүдделер үшін бейбітшілік жөніндегі келіссөздер басталмай жатып-ақ құрдымға кетуі мүмкін болғандықтан, келіссөздер

үнсіз ғана жүргізілуі тиіс болатын.

Кенет, осы мүдделер өзімшілдікке негізделген және қамтитын аясы тар бағыт ретінде сипатталды. Контрреволюцияның қаупі, әлем бойынша Кубада, әсіресе туризм саласында өздерін орнықтырған компанияларды бақылап отырған АҚШ корпорациялары төндіретін қатерге қарағанда ештеңе емес еді. Ал, ауыл шаруашылығы ірі қара, жеңіл өнеркәсіп, құрал-жабдықтар, тұрғын үй және көлік шаруашылықтарында, тіпті жоғары технологиялық биомедицина салаларында бірлескен кәсіпорындар құрудың мүмкіндігі болды.

Бүгінгі күні шағын және ірі бизнес президентті қолдауда.

>>



Жеңілдетілген тәртіппен саяхатқа шығып жүргендер саны артты. Талай кубалық мигранттар мен жолаушылар Майами мен Гавананың арасында саяхат жасауға еркіндік алды. Майамидің ешкіммен ымыраға келмейтін хард-лайнерлері әлдеқашан Фидель мен Рауль тәрізді қартайып үлгерді. Революцияның бастапқы кезінде қазыналарын жоғалтпағандар олардың орындарын басып жатыр. Бүгінде жаңа саясат тежеу мүмкін болмайтын арнаға түскен тәрізді.

Бірақ, сөйте тұра мүмкіндіктер қаншалықты мол болса, жағдайды бір қалыпқа келтіру жолындағы қиындықтар соншалықты көп. Дипломатиялық қарым-қатынастарды қалпына келтіру тек алғашқы қадам ғана.

> Жаңғыртылған кубалық үлгі

Обама ресми мәлімдеме жасағаннан бір жыл бұрын Кубада жаңа әрі қажетті экономикалық тәсілдерге көшу жөнінде пікірталас басталды. Пікірталастар пайдаланылмай жатқан жерлерге қатысты гранттар, шағын бизнесті заңдастыру, мемлекеттік кәсіпорындарға жаңа автономия беру, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің және ауыл шаруашылығына кірмейтін салалардың кооперативтерін қолдауға қатысты ортақ принциптерді талқылауға алып келді.

Сөз жоқ, Куба шет елдерден алынатын азық-түлікті өздерінде шығарылатын өнімдермен алмастыратын тауарлар өндіруде табысқа жетуі тиіс. Барлық шағын фермерлер мен кооперативтер қалалық индустрия тарапынан сұраныс туғыза отырып, өз табыстарын арттырғаны абзал. Қызмет көрсету жетіліп, жалақы өсетін болса адамдардың материалдық жағдайлары да жақсара түседі. Алайда, бұл нәтижелері әзірге біркелкі бола қоймайтын проекция болып қала бермек. Көптеген факторлар жағдайды қиындатып отыр. Соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерінің дайын болуынан бастап, ауылдар мен қалалардың арасындағы сенімді көлік, өнімдерді сақтайтын тоңазытқыштар мен қоймалар, түрлі жәшіктер мен қаптар, ауыл шаруашылығы техникасы мен жанар-жағар майдың жеткілікті болуына қатысты жүйедегі жаңғырту ұзақ уақыт бойы үйлесімсіз инфрақұрылым арқылы тежеліп келді.

Кубалық кәсіпкерлер көп жағдайда тиімсіз жұмыс істейді,

оларға шағын кәсіпкерлікті басқару, қаржылы салауаттылық үшін ғана емес, салық төлеуде де маңызды саналатын келісімшарт жасасу және жалпы есеп жүргізу сынды аспектілерде тәжірибе жетіспейді. Ал, мемлекет ықпалының азайып, жеке сектордың кеңеюі салыстырмалы түрде алаңдаушылық туғызып отыр. Әсіресе, қант өндірісі, туризм, кен өндіру, мұнай және мұнай өңдеу, денсаулық сақтау, био-медицина, білім беру, әуе тасымалы сынды мемлекеттік сектор басым салалар да өнімділіктерін арттыруы керек. Куба әдеттен тыс екі қатермен бетпе-бет қалды: қолданыстағы валютаны нығайту қажеттілігі (песо және айырбасталатын песо) және халықтың қартаюуы мәселесі.

Біріншісі – бұрыннан бар сұраныс. Үкімет қазіргі кезде бірінші кезекте айырбас жасалмайтын песоны қолданатын азаматтардың айырбас жасалатын қуатты песоны табуға қолдары жетпеуі мүмкін екендігін мойындай отырып, баяу қимылдап келеді. Шетелден, соның ішінде әсіресе Оңтүстік Флоридадан келетін доллар мен тауарлар үй шаруашылығына ықпал етеді. Оның өзінде бұл шаруашылықтардың шетелдерде дәулетті туыстарының бар болу-болмауына байланысты түрлі деңгейде әсер етеді.

Куба халқының қартаюуы ерекше емес, бірақ ол бірегей қатерлер туғызады. Кубаның медициналық жетістіктері бұдан ширек немесе жарты ғасыр бұрынғымен салыстырғанда адамдардың ұзақтау өмір сүруін қамтамасыз етеді, бірақ даярлығы жақсы жастардың эмиграцияға кетуі жағдайды қиындатып отыр. Урбанизация да картинаны күрделендіре түскен. Жас жұмысшылар үлесінің төмендеуі, әсіресе жерді пайдалануға қатысты жаңа жоспарлардың жүзеге асуына кедергі болуда. Ауыл шаруашылығына білікті агрономдар, жер ресурстарын басқару, маркетинг және осы салаға қатысты бар өзге мамандықтарды қоса алғанда, жастар керек. 2002 және 2012 жылдардағы санақ аралығында Куба халқының саны XIX ғасырдағы тәуелсіздік жолындағы соғыстардан бері алғаш рет төмендеді. Тұрғындар санының азаюы туу көрсеткішінің төмендігіне және эмиграцияға тікелей байланысты, өйткені соңғы онжылдықтың өзінде 330000 кубалық азамат АҚШ-та тұрақты тұрудың заңды құқына ие болды.

Кубаның ауылшаруашылығы өнімділігін арттыруға күш

>>>



салуы, жаңа шағын кәсіпкерлікті, мемлекеттік кәсіпорындарда басқару тәсілдерін жақсарту, Мариелде жаңа порт салу, Америка Құрама Штаттарымен өзара ашық (және әлеуетті бұқаралық) туризм, барлық елдермен еркін сауда-саттық жасау сынды экономикалық жоспарлары елдің қайтадан гүлденуіне ықпал етуі қажет.

> Жалғасын тапқан АҚШ мүдделері

АҚШ саясатындағы өзгерістер жақсы ниеттен емес, керісінше, әлдеқайда терең түйткілдерден бастау алады. Аймақтағы өзгерістер көп. АҚШ-пен еш байланысы жоқ ALBA-ТССР, Unasur және Celac сынды ұйымдар мол табысқа жетті. Бұл Америка Құрама Штаттарына міндетті түрде мәртебе беретін интерамерикалық ұйымдардың дәурені жүріп тұрған бағзы заман емес екендігін көрсетті. Сонымен бірге, Ресей, әсіресе Қытай Латын Америкасы мен Кариб бассейнінде бой көрсете бастады.

Дәстүрлі одақтастары АҚШ-тың Кубаға қатысты ұстанған саясатына қосылуды талап еткеніне наразы да болды, өткен жылы Біріккен ұлттар ұйымында тек Израиль ғана Кубаның блокадада қалуын жақтап дауыс берді. Америка Құрама Штаттары Кубаны тұқырта алмады. Керісінше, Куба әлемнің әр түкпіріндегі мемлекеттердің құрметі мен алғысына бөленді. Бейбітшіліктің сақталатынына кепілдік болмаса да, Куба шайқаста жеңіп шықты.

Америка Құрама Штаттары қалай болғанда да Кубаны трансформациялау арқылы өзіне бағынышты неолиберал аралға айналдыруды көп мақсатының бірі ретінде қарастырады анық. Бұл болжам АҚШ корпорациялары тиімді сауда-саттық мүмкіндіктеріне қол жеткізу үшін тап осындай сыртқы саясатты қаламаса да, Вашингтонда билікке қандай президент немесе партия келгеніне қарамастан өміршең болып қала бермек.

> 2016 және 2018 жылдардағы сайлаулар

Не күтесіз? Обаманың президенттік мерізімі 2016 жылы аяқталады. Республикашылдар Ақ үйді де, Конгрестің екі палатасында да басымдыққа ие болуы мүмкін. Республикашылардың Ақ үйге өтуі де ықтимал, олардың президенттікке ұсынған қазіргі кандидаттары бұрыннан орындалмаған уәде ретінде Кубадағы жүйені өзгертуді қалайды.

Демократтардың да өзіндік хард-лайнерлері бар. Олардың басты үміткері, кәнігі неолиберал әрі тәжірибелі «жұмсақ күш» иесі өз күйеуінің билігі кезіндегідей, Уго Чавес Венесуэлада президент болып сайланбай тұрған кездегідей болуы үшін Латын Америкасы мен Кариб бассейніне оралатындығын мәлімдеді. Кубаны блокадада ұстауды міндеттейтін федералдық заңнама Ақ үй мен Сенатта тек көпшілік дауыспен ғана күшін жоюы мүмкін.

2018 жылы Кубада қазіргі бірінші вице-президент Мигель Диас-Канелге ұқсас жаңа президент билікке келуі керек. Ол жаңа экономикалық саясатты жүргізумен қатар, жаңа қоғам құру міндетін де өз мойнына алады. Нарықтық қатынастар тереңдесе де, жаңа кәсіпкерлер табы біріге түссе де Куба социалистік ел болып қалатындығын мәлімдеді.

Көптеген елдер супердержава мен блокададағы аралдың ымыраға келетіндігінен үміттенеді. Олай болуы әбден мүмкін. АҚШ-тағы жаңа саяси ұстаным, Кубадағы жаңа экономикалық саясат өзара тиімді қарым-қатынас дәуірінің басталуына қызмет етеді, бірақ 55 жылдық тарихы бар кереғар көзқарасты ұмыту оңай болмас.

Әзірге біз бір нәрсені жақсы білеміз: АҚШ пен Кубаның арасын 90 миль ғана бөліп жатыр. ■

Хаттарды Рубен Дж. Румбаут <rumbaut@uci.edu> пен Луис Румбаутқа <luchio10@earthlink.net> жолдауға болады.

> Нәсілшілдік және революция туралы:

кубалық белсенді Норберто Меса Карбонелмен сұхбат

1959 жылдан бері кубалық революция нәсілдік теңдікке арналып келеді. Құлдықтан тек 1886 жылы бас тартқан елде революция жаңа әмбебап эгалитарлы саясат және нәсілдік кемсітуді жою идеясына жанқиярлықпен берілу арқылы көптеген кубалық қара нәсілділерге алғаш жерге иелік ету мен білім алуға мүмкіндік берді. Тіпті сыншыл оқымыстылардың өзі демократиялық қағидалар толығымен орындалмағанымен, Кубада нәсілдік теңсіздікті түбірімен жоюда кез-келген қоғамнан артық жұмыстар атқарылғандығын мойындайды.

Дегенмен, 1990 жылдарда Кубаның «Арнайы кезеңі» басталғалы бері ресурстар өте қатты қысқарды. Нарыққа бағдарланған реформалар адам терісінің түсіне бейжай қарамайтын нәсілдік теңсіздікті қайта жандандырды: нәсілдік қысым анағұрлым артты. Мұндай тенденцияны есепке ала отырып, бірқатар қара нәсілді өнер майталмандары мен қоғам қайраткерлері нәсілшілдікке қарсы мемлекет тарапынан жартылай қолдау тапқан Аймақтық африкандық ұрпақтардың Латын Америкасы, Кариб, Кубадағы бөлімінің артикуляциясымен байланысты сахна құрды. (Испан тілінде – ARAAC).

ARAAC-тың кезекті бір шарасында өз орындығында алға қарай ұмтылып, көз қиығымен саяси шараны бақылап отырған алпыс жастағы қара нәсілді ересек кісі – Норберто Меса Карбонелді интервьюер Луиза Стеур алғаш кездестірген болатын. Қалғаны 2014 жылдың аяғы мен 2015 жылдың басындағы бірнеше ұзақ сұхбаттардың үзінділері. Луиза Стеур Копенгаген университетінен және Куба бойынша зерттеу жүргізіп жүрген. Аталмыш сұхбаттың толық нұсқасымен келесі сілтеме бойынша танысуға болады. Global Express <http://isa-global-dialogue.net/?p=4222>



Норберто Меса Карбонел.

ЛС: Норберто, өзіңіз туралы қысқаша не айта аласыз?

НМК: Саяси тұрғыдан мен күрделі адаммын. Революцияның алғашқы ірі Кампаниясының бірі Кубаның сауат ашу кампаниясы (1961) болатын; өзгелерді оқып, жазуға алғаш үйрете бастағанда жасым енді ғана онға келген болатын. 1963 жылы аралды Флора құйыны жайпап кеткенде мен он үш жасар Ориентенің кофе теруші бригадасының мүшесі едім. 1966 жылғы ірі әскери мобилизация кезінде мен әлі он алтыға толмаған жасөспірім едім: біз канондар арқасында америкалық қайықтарды күтіп тұрған болатынбыз! Мені революция тәжірибесімен өскен адам деуге болады. Екінші жағынан,

>>

мен көп оқитынмын. Мен өз жұмыс тобымның көш басшысы, партия ұйымын ұйымдастырушысы болдым. Революция мен үшін өте маңызды еді. Бірақ 1980 жылы орын алған оқиға менің партиядан кетуіме себеп болды. Mariel boatlift (Кубалықтардың 1980 жылы АҚШ-қа жаппай көшуі) кезінде көптеген кедей адамдар мен қара нәсілді кубалықтар кедейлік салдарынан Кубадан кетуге мәжбүр болды. Біз оларды сатқындар деп танып, оларға жұмыртқа атуымыз керек еді. Көп жиналыстың бірінде мен бір жолдастың осы шараға қатысудан бас тарқаны үшін оны сынға алғанын көрдім. Олар оны партиядан шығарып жіберді! Жиналыстан шығып жатқанымда, егер менің бауырым осы қайықта болса, жұрттың оған сатқын ретінде қарап, жұмыртқа лақтыруына жол бермес едім деген ой келді. Осылайша, мен қызметімнен өз еркіммен кету туралы өтініш хат жолдадым. Бұл ар-ождан мәселесі еді.

Революция, қара нәсілділер құқығын қоса алғанда, ауыз толтырып айтарлықтай жетістіктерге жетті. Сол себепті, мен басшылыққа шағымдануымды жалғастырудамын; менің саяси диссиденттерден айырмашылығым – институт туралы жақсы пікірдемін. Сондай-ақ, мен революцияның Фидель анықтаған мәнін берік ұстанамын. Қаралардың басым бөлігі революцияны қолдайды – революцияның оларға берген артықшылықтарын ескерсек, бұл – логикалық дұрыс шешім. Дегенмен, бұл оған «өмір бойы риза» болуымыз керек деген сөз емес.

Сонымен, теңсіздікті арттырған 1990 жылдар келді, әсіресе нәсілдік теңсіздік ушыққанда, біз нәсілдік кемсітумен күресу үшін *Cofradía de la Negritud* (Негроидтар бауырластығын) құрдық. *Cofradía*-ның артықшылығы – бізді ешкім саяси диссиденттер деп атай алмады. Өйткені, сыншыл болсақ та, біз социалистік дискурста әрекет еттік: бар ниетіміз – нәсілдік кемсіту сипатындағы социализмге жол бермеу! Коммунистік партияны нәсілшілдік мәселесінің өрбімеуін қадағалауға шақырамыз. Партия аталмыш мәселені шешуге бел буып кіріспейінше, басқа институттар осы бағытта белсенділік танытпайды.

ЛС: *Бүгінгі таңда Кубадағы нәсілшілдіктің қандай негізгі мәселелері бар? Ал өз басыңызда бұл мәселе кездесті ме?*

НМК: Қара адамдардың ұйымдары «нәсілшіл» деп айыпталып, қуғынға ұшырап отырады. Қаралардың өзі туралы жағымды пікір қалыптастыру мүмкіндігі өте аз. Оны өзін қара тегі бойынша теңдестіруден құтылу үшін ақ адамдармен неке құру – *adelantar* (алға жылжу) идеясынан байқауға болады. Мұндай ақ нәсілді адамға айналу идеясы адамдардың өз нәсілдік бірегейлігін шектейді. Бұл қазіргі Куба экономикасындағы қаралардың жақсы төленетін жұмыс орындарынан шығып қалуы сияқты нәсілшілдіктің аса күрделі мәселесін қадағалауды қиындатып отыр.

Мұндай жағдайлар өз басымнан да өтті. Мен көп жылдар бойы Марина Хэмингуейде қызмет істедім. Ол жерде 1997 жылы менің бір досым жергілікті дүкендерге бастық болған кезден бастап істеймін. Алдында екеуіміз бірге жұмыс істегендіктен және екеуіміз бір ауылдан болғандықтан,

одан жұмыс тауып беруін өтінген болатынмын. Сондай-ақ, ол уақытта халықаралық дәрежедегі қонақ үйлерде жұмыс істеген еңбек өтілім және жақсы ағылшыншам бар еді. Сонда оның айтқаны: «Норберто, мен саған көмектесем, бірақ қонақ үйде не дүкенде ресепшн қызметкері болу дегенді атама. Ол мүмкін емес! Мен сені тек қоймаға ғана жұмысқа кіргізе аламын, себебі Марина Хэмингуейде қаралар көпшілік қауыммен бетпе-бет кездесетін қызметтерде істемейді.» Ал мұны айтып тұрған қарапайым адам емес, кезінде партия көшбасшыларының бірі болатын. Маған жұмыс қауырт керек болғандықтан, «А, қойма ма?! Неге істемеске...» дедім.

Біраз уақыттан кейін, бір қонақ үйге портье керек деген сыбысты естіп, бос орынды жібермей, қызметке кіріп алдым. Онда біз бес адам едік – екі адамның жоғарыда таныстары бар және олар өздерін қауіпсіз сезінді, менен басқа тағы екі қара кісі болды, біз үшеуіміз ағылшыншамызды жетілдіріп жүрдік. Бірақ, қонақ үйге портьерлер көп керек болмаған жағдайда, қайта даярлануға кім жіберіледі? Әрине ағылшынша сөйлейтін үш қара адам! Мені күзетші қызметіне даярлыққа жіберді. Бізді жіберген жер әлі есімде. Туризм секторында қаралар аз болды, ал артық қызметшілер жіберілген секторда қаралардың үлес салмағы 60% асып жығылады!

Бірақ жағдай одан сайын ушықты: олар мені заңсыз бөлді. Менің бірлестікке шағымданғанымнан түк те шықпады. Қылмыстық кодексте бекітілген теңдікке деген құқықтың бұзылуы негізінде шағымдануға бел будым. Мен, бірінші, заңгерлер кеңсесіне бардым; ол жердегілер мені Прокуратураға жіберді, ал олар өз кезегінде мені полиция бекетіне жіберді. Ол жерде теңдікке деген құқығымның бұзылғаны жайында айтқаным есімде. Полиция қызметкері менің мәселемді тіпті түсінбеді: «теңдікке деген құқықтың бұзылуы??» «Иә, *contrahega*, мен қонақ үй менеджерін мені нәсілім бойынша кемсіткені үшін айыптағым келіп отыр!» Ол аңырайып тұрып қалды. Бөлімше бастығы арызымды алып қалды да, тергеу ісін бастады. Тергеу қонақүйді әбден әбігерге салды: полиция тергеушісі іске белсене кіріскендіктен, аталмыш менеджерді басқа қонақ үйге ауыстырды. Алайда, түптің түбінде маған прокурордан менің арызым құрамында қылмыстық әрекеті жоқ істер қатарына жататыны туралы хат келді. Сонымен арызымның тағдыры сол жерде бітті. Кубатур агенттігі туристік гид іздеген болатын. Мен ұмтылып бардым; қонақүйде істедім және ағылшыншам да тәуір, бұл нағыз маманға сай талаптар болатын. Барғанымда маған: «менеджер жоқ, ертең келіңіз,» - деді. Үшінші күні, мен менеджерді күтіп тұрғанымда, мен тапсырайын деп тұрған жұмыс туралы әңгімелесіп келе жатқан екі ақ кісіні көрдім. Кенет мен күтіп тұрған менеджер іште өз кабинетінде болып шықты. Ол үміткерлерді шақырды. Мен жаңағы жігіттермен бірге кірейін дегенімде, маған бос орынның қалмағанын хабарлады.

Кубадағы жақсы деген жұмыс орындарында осындай мәселе кездеседі. Өмірімнің басым бөлігін Кубаның асыл тұқымды Холстейн сиырларын өсіретін сүт өнімдері комбинатында генетик болумен өткіздім. Басында,

>>>



Кубадағы бүгінгі нәсілшілдікке ерекше комментарий. “Agua Blanca, Agua Negra”, [ақ су, қара су] африкалық-кубалық мәдениетті мойындаушы арт —қауымдастықтың бастамасымен Орталық Гаванадағы Кальехон де Амельдің үстіндегі су сақтайтын орындағы жазу. Суретті түсірген Луиза Стеур.

жоғары дәрежелі жиындарда менен басқалардың бәрі дерлік ақтар екенін байқамадым. Қазір мен ондайға көбірек назар аударатын болып жүрмін. Өз кәсібін жақсы білетін қара адамдардың орнын ақтарға бергенін өз көзіммен талай көрдім. Мұндай жағдай соңғы жұмыс орным — био-фармацевтикалық кәсіпорында орын алған болатын: олар барлық өз кәсібінің шеберлерінен, әсіресе, менен құтылғылары келген, себебі менің белсендігім оларға ұнамайтын. Менің әріптестерімнің көбісі қудалау нәтижесінде жұмыстарынан кетуге мәжбүр болды. Соңында, мен де мерзімінен бұрын зейнетке кетіп тындым.

Быттыр біздің ұйым КЖОБ-ға (Куба жұмысшыларының орталық бірлестігі) осындай нәсілшілдікті сынап, оған жол бермеуін сұрап, ашық хат жолдадық. Олар бірнәрсе істеді ме? Түк те істеген жоқ. Бізге партияның осы мәселені мойындап, оған қарсы шаралар атқарғаны қажет. Партия өз мойнына жауапкершілікті алмайынша, басқа азаматтық қоғам ұйымдары бұл туралы мәселе қозғамайды. «Ашық әрі тұрақты социализмді құру» - бүгінгі күн тәртібі. «Ашық әрі тұрақты» дегеніміз тамаша, бірақ нәсілшілдік ше? Қазіргі болып жатқан барлық экономикалық реформалар, шетелден инвестициялар тарту, *cuantapropismo* (шағын бизнестің) дамуы — біздің елдегі нәсілдік теңсіздікті ушықтырумен байланысты болып отыр.

ЛС: Кубадағы нәсілшілдіктің экономикалық мәселелері біліктірек, білімдірек қара жұмысшыларға көбірек әсер ете ме?

НМК: Кубадағы нәсілшілдіктің негізгі мәселесі — кедейлік. Көптеген жасөспірімдердің университетте

білім алуға мүмкіндіктері жоқ. Оқудың орнына көбісі отбасыларына кішкене де болса қолғабыс болайын деп арзанқол жұмыстарды істейді. Өзімізде бес мың кубалық жастар оқуға ақша таппай жүргенде, қалайша шамамен мың пәкістандық азамат осында ақысын төлеп, докторлыққа оқып жатыр? Бұл революция қарапайым адамдарға арналған болатын, ал қазір тек ақшасы бар адамдар ғана өз балаларын оқытып жатыр.

Кубада мыңдаған гектар арам шөп өсіп жатқанын білесіз, оның себебі адамдар егін алқаптарында жұмыс істегісі келмейді. Сондай-ақ, қаншама адамдардың қалаға көшкенін және олардың жақсы өмірді таба алмай жүргенін білеміз. Менің ұсынысым: ауылға көшкісі келетін қара адамдарды тауып, ауылшаруашылығы қауымын құру керек. Әрине, алғашқы кезде оларды көп демеу керек. Кейбір ҰЕҰ-лардан неге ақшалай көмек сұрамасқа? Әрине, Куба үкіметі оларға жерге иелік ету құқығын беруі керек. Неге бермеске, бәрібір, барлық жерде жерлер беталды сатылып жатыр ғой.

XIX ғасырда Кубада, соның ішінде, Ориенте провинциясында кейбір фермалардың иелері қара адамдар болған. Көптеген қаралар Тәуелсіздік үшін (Испанияға қарсы) соғысқа қатысқан болатын, олар Азаттық әскеріне қосылу үшін өз фермаларын тастап кеткен болатын. Бірақ олардың жерге деген құқықтары дұрыс заңдастырылмағандықтан, америкалық компаниялар жерлерді арзанға сатып алды. Ал қараларға не болды? Олар қарсы шығуға дайын болды.

Өз жерлерін қайтарып алу үшін 1912 жылы шығыс провинцияда Partido Independiente de Color бастаған көтеріліске қосылды. Нәтижесінде олардың көбісі қуғын-сүргіннен қаза тапты.

Сонымен, қазіргі қайта қоныстандыру бағдарламасы бойынша, үкімет осы адамдарға жерлерін қайтарып берсе, тарихи әділеттілік жүзеге асар еді. Бұл бағдарлама өз жерін қайтарғысы келетін қара отбасыларға бағытталуы тиіс, ал егер ақтар да өз жерлерін қайтарғысы келсе, оларға да мүмкіндік беру керек. Бірақ қаралар үшін бұл өз экономикалық жағдайларын түзетудің мардымсыз жолдарының бірі болар еді.

ЛС: Ал өзіңіздің жағдайыңыз қалай? *Cofradía*-ның іс-шараларына ресурстарды қайдан тауып жүрсіз?

НМК: Мен песомен төленетін зейнетақыма күн көріп жүрмін, бұл долларға шаққанда өте аз, бұлай күн көру оңай емес. Мен түнделетіп бір бай жігітке күзетші болып, айына 30\$-ға жұмыс істеймін. Мұндай аз ақшамен шараларды ұйымдастыру өте қиын — алыстан келетін қонақтар, жоқ дегенде, тіске басар нәрсе беретін шығар деп күтеді. Кейде құралдарымыздың жетіспеуі мен адамдардың қолы бос болмауынан жиындарды кейінге шегеруге тура келіп жатады. Әйтеуір, адамдар ниетіміздің түзу екенін түсінеді. Және біз өз жұмысымызды жалғастыруға дайынбыз. Менің немерелерімнің менің жас кезімде көрген нәсілшілдік қиындықтарын бастан кешуіне жол бере алмаймын. ■

Хаттарды Луиза Стеурге <luisasteur@yahoo.co.uk> және Норберто Месо Карбонелге <nmesacarbonell@gmail.com> жолдауға болады.

> Гаванадан бір сыпыра жаңалық¹

Луиза Стеур, Копенгаген университеті, Дания



Орталық Гаванадағы қоқыс таситын көлік. Суретті түсірген Луиза Стеур.

2014 жылдың 17 желтоқсаны, Обаманың АҚШ пен Куба арасындағы қарым-қатынастың қайта қалпына келетінін жариялауы Гаванада ерекше күн болып қалды. Хуан, көше сыпырушыға айналған Фидельге өте адал бұрынғы боксер, бұл жаңалықты қоқыс жәшігінен тауып алған, жартылай сынық теледидар арқылы көрген болатын. Хуан Рауль Кастроның Кубаның Бес Қаһарманы азаттық алады деген сөзін естігенде көңілі босап кетті: ақыры, көптеген жылдар бойғы кубалықтардың ішкі арманы орындалды. Мен оны тапқан кеште ол өзінің күнделікті қоқыс арасынан нәпақа табу үшін жұмысында пластикалық құты жинайтын жерінде, қасындағы әріптестерімен кеше босатылған қаһармандардың сонша жыл абақтыда камалған уақытының ақысын кім береді деген пікірталасқа

түсіп жатыр екен. Оларға үй не көлік бере ме екен? Батырлардың сонша жыл янкилердің түрмесінде көрген қорлықтарының орнын ешқандай дүние толтыра алмасы анық деген Хуанның ойына ешкім қарсы келе қойған жоқ.

Хуанның көршісі, Мари, бұл жаңалықты өз жұмыс берушісінің Майамидегі пәтеріндегі қымбат теледидардан заңсыз арна арқылы көрген. Бағдарлама кубалық әскерлер атып өлтірген АҚШ ұшқышының есі шыққан қызына арналған. Мари өз жұмыс берушісінің үлкен туристік үйін жинауы керек. Басшысы түкке тұрғысыз дүниені көргенше, Маридің өз жұмысын жасауын бұйырды. «Бұлар шынайы капитализмдегі жұмысты түсінеді дейсің бе?» деп басшысы мұрнының астынан күңкілдей жөнелді. Ол кеткен соң Мари «Әй,

>>

жалмауыз, көрер ем менсіз тірлігінің оңғанын, бұл үйге туристерді тартып отырған мен емеспін бе?» - деп, өзінше қарсылық білдірді. Кубаның экономикасы әлі-ақ алға басатынына, сол кезде туристердің бәрі сонда ағылатынына және өмірдің жаңғыратынына нық сеніммен қараған болатын.

Бірақ Хуан және Мари сияқты адамдар үшін өмір шынымен де жақсара ма? Олар көптеген кубалықтар тәрізді өзгерістерді жақсыға балап отыр. Экономика ашылғаннан кейін елге доллар кіре бастайды; өмір сүру стандарттары 1989 жылдағы деңгейге қайта оралады, тамақ өнімдері жеткілікті, денсаулық сақтау жүйесі жақсарады, білім алу мүмкіндіктері қоса артады. Бірақ 2014 жылдың 17 желтоқсанындағы жаңалық Кубаның постсоциалистік жолының басталуын білдіреді дегенге сену де қиын. Оның арты жекешелендіру, нарықтандыру, мемлекеттік қайта құру, теңсіздікке апарады.

Мысалы Хуанды алайық: мемлекеттік қызметтегі сыпырушы ретінде ол 800 песо (шамамен 32 доллар) ғана жалақы алады – бұл осы ұйымдағы кейбір бастықтардың жалақысынан да жоғары. Бірақ Хуанның бастықтарының көбісі туристерге жала беретін жеке мүлікке ие (шамамен бір түнге 30 доллар); олар өз бизнестерін халықаралық дәрежеде дамытып отыр. Хуанның қосымша табысы – сол баяғы өзінің қоқыс жәшігі, ол көршілерінің ауласын қосымша ақыға тазалап береді. Өзінің созылмалы асқазан жарасын емдеу үшін қажетті құрамында ет, көкөніс не сүт өнімдерін сатып алуға ақшасы жетпейді. Оның Гаванада тұрғанына он жыл болғанымен, әлі күнге дейін тұрақты мекен-жайға тіркеуге тұрмапты; дәрігердің рецептінсіз ол омепразолды заңсыз жолмен табуға мәжбүр. Жергілікті мемлекеттік қызметтер енді кооперативтерге ауысуы туралы әңгімелер оның үрейін күшейтіп отыр.

Маридің, жоқ дегенде, тіркелген мекен-жайы бар, жалақысы да жақсы, бұл оның отбасы үшін жақсы мүмкіндіктерді арттыратын социалистік қызметтерді пайдалануға мүмкіндік береді. Алайда, ол Кубада қарқын алып келе жатқан категория - өзін-өзі жұмыспен қамтушы жұмыскер (cuentapropista) ретінде айына бар-жоғы 40 доллар табады; бірақ бұл жағдай оған қауіпсіздік, қосымша пайда не зейнетақыға кепілдік

бермейді. Маридің бастығы оны тіркемегендіктен, инспекторлар мәселені парамен шешуге машықтанған. Маридің бастығы оған кеткен шығынды Маридің жалақысынан ұстап, оны тек туристердің берген шайақыларына тәуелді етеді. Мари бастығы екеуі туристерді қалай тарту керектігі жөнінде көп таласқа түседі, бірақ бұл әділ пікірталас емес-ті: Мари осы шайақысын қосқанның өзінде аптасына 25 доллар тапса, оның бастығы бір түнде 50 долларды қалтасына басады. Мари кедейлікте өмір сүре отырып, өзінің қартайып келе жатқанын және болашақта не зейнетақымен қамтамасыз етілмейтінін не жиған ақшасы жоқ екенін еске түсірсе, қатты қынжылады. Өкінішке орай, бұл мысалдар Шығыс Еуропадағы социализм аяқталғандағы кооперативтердің жұмысшыларды жұмыссыз қалдырғаны және мемлекеттік менеджерлер жекешелендіруді өз жамбастарына қарай тартуының нәтижесінде пайдаларын арттырып, бұл үрдісті одан сайын қолдай түскен жағдайымен ұқсас болып отыр. Кубадағы өсіп отырған қалалық байлар – туризм мен жылжымайтын мүліктен пайда түсіретін меншік иегерлері – жекеменшікке құқықты қамтамасыз ету, халық қажеттіліктеріне жаратылатын бюджетке түсетін салықты төмендету сияқты өздеріне қажетті артықшылықтарды қолдауы мүмкін.

Әрине Куба Шығыс Еуропа емес. Куба социализмі Кеңес отарлауынан емес, шынайы, ұзақ күткен, егжей-тегжейлі дайындалған, халық қолдаған революция еді. Кубадағы социализм мен революция автохтонды, жұмысшылардың мақтаныш кернеген кеуделерінен және Орталық Гаванадағы популистік социалист *savoir vivre* көрінетін шынайы нақтылық болып табылады. Халықаралық контекстте Куба пост-социалистік жолға қарағанда жаңа социалистік жолды таңдауы мүмкін, алайда ол үшін пост-социалистік траекторияға қатысты тәуекелді анықтап, қауым алдында талдауы қажет. ■

Хаттарды Луиза Стеурге <luisasteur@yahoo.co.uk> жолдауға болады.

¹ Мен Гаванада 2014 жылғы қыркүйектен 2015 жылдың қаңтарына дейін Хуан Маринеллоның «Мәдени зерттеулер орталығымен» бірге ғылыми-зерттеулік мақсатта далалық зерттеулер жүргіздім. Инсайттары осы мақалада қолданылып отырған 2015 жылы 9-12 қаңтарда бірлесе ұйымдастырылған «Халықаралық әлеуметтік-мәдени антропология» семинарына қатысушылары мен IUAES (Антропологиялық және этнологиялық ғылымдар Халықаралық Одағы) қонақтарына, Жаһандық өзгерістер мен маркстік антропология бойынша комиссияларға алғыс білдіремін, Қызметкерлерге аю есімдері мен жалған есімдер беріліп, мақала кейіпкерлеріне айналды.

> Күнбағыс қозғалысы және күреске дайын Тайвань әлеуметтануы

Мин-Шо Хо, Тайвань ұлттық университеті, Тайвань



Тайваньдағы Күнбағыс қозғалысы қоғамдық әлеуметтанудың жаңа белесі.

Кытаймен сауданы либерализациялау туралы келісімге қарсылық ретінде Тайвань университетінің студенттері 2014 жылдың 18 наурызында ұлттық заң шығару органына шабуыл жасады. Бұл шабуылдың нәтижесі 24 күнге созылған парламенттің оккупациясына және саяси дағдарысқа алып келді. Күнбағыс қозғалысы деп аталған құбылыс алты айдан кейін орын алған Гонконгтағы Қолшатыр революциясын шабыттандырды және байланыс орнатты. Бұл – Тайваньда белсенділігі үнемі артып отырған ұжымдық бірігудің ең ірі және ең ұзақ көрінісі болды, себебі консервативті Гоминьдан 2008 жылы ұлттық билікті Тайваньға қайтарған болатын. Күнбағыс қозғалысының соңы заң шығару процесінде токтатылған еркін сауда туралы даулы келісіммен бейбіт аяқталды.

Тайваньда азаматтық бағыну дәстүрі нық орныққан және оның консервативті саяси мәдениеті радикалды қарсылықтар жиі орын алатын жер емес. Дегенмен, Күнбағыс қозғалысы сынық едәуір қоғамдық қолдауға ие болуының үш себебі: біріншіден, халықаралық келісім-

шарт бойынша ашықтық пен бақылауды күшейтуді талап ете отырып, демократиялық рәсімдерді қорғауға бағытталды; екіншіден, еркін саудаға қарсы шықты; үшіншіден, Қытайға қарсы ұлттық мобилизацияны сипаттады. Орныққан тәртіпке қарсылықта К.Поляны қарастырған әлеуметтік қорғау элементтері де кездеседі, өйткені Қытай халық республикасының Тайваньға қатысты территориялық амбициялары қазіргі таңда «экономикалық айырбастың жүзеге асуын қолдау» – жалдамалы жұмысшылар мен демократия есебінен ірі корпорациялардың пайдасын көздейтін айырбас тұрғысынан көрініс табады.

Тайваньның әлеуметтанулық қауымы – оқытушылар да, студенттер де – қарсылық шарасына тартылған. Ұлттық тапқа бойкот жариялауға шақырған Күнбағыс қозғалысы көшбасшыларының үндеуіне жауап ретінде Цинхуа, Тайбэй және Сунь Ят-сен университеттерінің әлеуметтанулық бөлімдерінде жоғарыда отырған әкімшілік пен Білім министрлігіне қарамастан білім беру процесі токтатылды. Кәсіби әлеуметтанушылар шабуылға ұшыраған парламент пен кампус территориясында білім

>>

берді. Қарсылық көрсетушілер арасында мәжілістік демократияның эксперименттік үлгісінде оқытушылар мен студенттердің басым бөлігі еркін сауда, жастар арасындағы жұмыссыздық және т.б. тақырыптар аясында пікір таластырды. Басқа әлеуметтану бөлімдері, оның ішінде Чэнь Вэй-тин (Цинхуа университетіндегі Күнбағыс қозғалысының белсендісі) бастаған жасырын қатысушылар мен еріктілер, шабуылданған парламент аумағында ашық аспан астында түнеді. Бірыңғай онлайн дауыс беруден кейін Тайвань әлеуметтанулық ассоциациясы (ТӘА) көшбасшылары 25 наурызда күнбағысшылардың талабын (өтінішін) жариялады. Қараша айында студенттер белсенділігін мойындау шарасында ТӘА-сы студент белсенділерінің көшбасшысы Вэй Янды жыл сайын өтетін жиналыста сөз сөйлеуге (баяндама жасауға) шақырды.

Әрине, Тайвань әлеуметтанушыларының арасында профессорлардың қатысуын айыптағандар да болды. ТӘА ақпараттық бюллетенінде Вебердің «бейтараптылықты бағалау» концепциясының заманауи өзектілігі негізінде саяси өмірге қатысуға қарсылықты білдіретін мақаланы жариялап, қозғалысқа қатысу туралы пікірталас туындатты. Әлеуметтанудың миссиясы мен қоғамдық рөлі туралы пікірталастар әлеуметтанудың мықтылығы мен қуаттылығын көрсетті.

Тайвань әлеуметтанулық қауымдастығының шулы көтерілісі консерваторлардың кері реакциясына алып келді. Уақыт өте Гомиьдан заң шығарушысы әлеуметтанушыларды «көшедегі студенттерді шағыстырғаннан басқа ештеңе жасамады» деп бұқара алдында абыройын төкті және білім министрлігіне мемлекеттік университеттердегі әлеуметтану факультеттерін тексеруді ұсынды. Мұндай айыпқа жауап ретінде және әлеуметтанудың сыни рухын қорғау үшін студенттер мен оқытушылар мақалалар жариялады. Бұл – әлеуметтанудың қоғамдық маңыздылығы көрінетін жағдай. Әлеуметтану факультетінде қарсылық білдіруге бағытталған телефон қоңыраулары ызалы көңіл-күйді сипаттау ғана болып шықты, себебі қоңырау шалғандардың басым бөлігі

өздерін таныстырудан бас тартты және абразивті тілді қолданды, кеңсе қызметкерлері тарапынан қудалаудан қорықты. Сунь Ят-Сен университетінің әлеуметтану бөліміне өзін ата-ана ретінде таныстырған кісі хабарласты, ол күнделікті оқытуды тоқтату бойынша шешімдерін сынға алып, бұл үш айдан соң ЖОО бітіретін қызының болашағы үшін кері әсер ететінін айтты. (Шын мәнінде, бұл бөлім жақында ғана құрылған болатын және онда төртінші курсты оқытатын мамандықтар жоқ еді.)

Күнбағыс қозғалысы Тайвань әлеуметтануына жағымды ықпал етті деп қорытындылауға болады. Біздің оқыту модульдерімізбен, мәжілістік демократиямызбен және баспада жарияланған хаттар әлеуметтанудың қоғамдағы беделі артты. Қазіргі таңда студент-қатысушылардың басым бөлігі әлеуметтануға қызығушылық танытуда, себебі оның концептуалды құралдары биліктің сақталуын, жүзеге асуын және қазіргі қоғам сұраныстарын зерттеуге ыңғайлы. Тайвань ұлттық университетінің бітіруші бағдарламаларына қатысушылар саны 2015 жылы екі есеге артты. Бағдарламаға өтініш берушілердің басым бөлігі арнайы зерттеуді жүзеге асыру үшін Күнбағыс қозғалысындағы жеке тәжірибелерін негізгі түрткі ретінде көрсетті.

Күнбағыс қозғалысының ұзақ мерзімді ықпалы қаншалықты болатынын білмейміз, бірақ өткен тәжірибеміз болашаққа болжам жасауға мүмкіндік береді. 1990 жылы орын алған «Жабайы лалагүл» қозғалысы, сәтті өткен студенттер бастаған демократиялық қарсылық шарасы, әлеуметтануға жаңа күш берген еді. Экс-студент белсенділердің көбі – бүгінде қырықты еңсерген, елуге тақаған кәсіби әлеуметтанушылар. Олардың білім беруі мен зерттеулері Тайвань әлеуметтануының күреске үнемі дайын болуына негіз қалады. Дәл осылай, уақыты келгенде, Күнбағыс қозғалысының ұрпағы да әлеуметтанудың зерттеу шекараларын өзгертетіні хақ. ■

Хаттарды <mingshoho@gmail.com> жолдауға болады.

> Қайсысы маңыздырақ? Еңбекті әлде табиғатты қорғау қозғалысы ма?

Хуа-Жен Лиу, Тайвань ұлттық университеті, ХӨҚ Тайваньдағы еңбек қозғалысын зерттеу комитетінің қазынашысы



Фукусима-1 АЭС-дегі жарылыстан кейінгі Тайваньдағы антиядролық қозғалыс, 30 сәуір 2011 жыл. Суретті түсірген Хуа-Жен Лиу.

1 970 жылдың 13 қарашасында он кісіні бастаған Корей тоқымашысы Чан Тае-Ил қолайсыз еңбек жағдайына қарсы және «тоғыз сағаттық жұмыс күні мен айына төрт күн демалыс» талап еткен демонстрация ұйымдастырып жатты. Қақтығыс аяғына қарай Чан «Біз машина емеспіз! Еңбек кодексінің орындалуын қамтамасыз етіңіздер!» деген сөздерді айтып, өзін-өзі өртеп жіберді. Чанның өзін құрбандыққа шалуы болашақтан

үміт күттіретін демократиялық бірлестік қозғалысының қызметіне түрткі болуымен қатар, әскери хунтаның бастаған даму жоспары арқау болған, тамыры тереңде жатқан капиталист пен жұмысшы арасындағы шиеленісті ушықтырды.

95 тайваньдық фермер төрт ай бұрын Тайваньда сұйық улы қалдықтарды жергілікті суару жүйесіне ағызып отыруының салдарынан жергілікті егін алқаптарындағы дақылдардың

өнуіне екі жыл қатарынан кедергі келтірген көршілес орналасқан тамақ кәсіпорнының орнын ауыстырып, шығындарды қаржылай өтеуін талап еткен болатын. Бір жыл ішінде қайталанып отырған 64 осындай келіспеушілік, пикет және қақтығыс оқиғалары дамушы үкімет қолдайтын шексіз индустриялық экспансиясының Тайвань қоршаған ортасын ыластауына қарсы мобилизациясының алғашқы шегіне жеткенін көрсетті.

>>



Жұмысшы қарсылығының бөлігі рет өзін өзі өлтірген екі жұмысшыны жерлеу, 13 қараша, 2003 жыл.
Суретті түсірген Хва-Джен Лю.

Чанның қарсылығы да, тайваньдық фермерлердің талаптары да жеке мысалдар болғанымен, келесі жұмбақ оқиғаларға бастау болады. Ұқсас отарлық мұра, авторитарлық тәртіп және екпінді индустриаландыру екі елде де ұқсас қиын жұмыс жағдайы мен бұзылған қоршаған орта мәселелерін туындатты. Әзірше қозғалыстар өзге бағыттарда белең алып отыр. Корей еңбек қозғалысы мен Тайвань қоршаған ортаны қорғау қозғалысы бір уақытта қалыптаса бастағанымен, Корей еңбек құқығының аяқ асты болуы мен Тайвань қоршаған ортасының бұзылуы бір деңгейде қоғамдық қызығушылықты тудыруы үшін ондаған жылдар қажет. Корея мен Тайвань арасындағы құрылымдық ұқсастықтарды ескерсек, неге олардағы еңбек және қоршаған орта қозғалыстары кері бағытта дамып отыр?

Жұмбақтың шешімі қозғалыс күштерінің екі түрінің жүзеге асуы мен шектеулері – дамушы мемлекет және корпоративті экономика контекстінде әлемге ықпал етуге мүмкіндік беретін әрбір қозғалыстың нақты сипаттамаларында жатыр. Ұйымдастырушылық еңбек тетіктері өндіріс пен қызмет көрсету жүйесіндегі жұмысшылардың маңызды рөліне сүйенеді. Өз еңбектерін қасақана шектеу арқылы жұмысшылар капиталистердің пайда табуын тежеп отыр. Керісінше, экологиялық қозғалыстың ешқандай ұйымдастырушылық тетігі жоқ, бірақ ол бұқараны әмбебап әрі ұжымдық

игіліктерге жету үшін еңбек етуге жетелейтін өз ұрандарына негізделген жаңа идеологияға үгіттей алатын дискурстық қабілетіне сүйенеді.

1980 жылдары Корей және Тайвань үкіметтерінің екеуі де авторитарлық болғанымен, олар әлеуметтік қозғалыстар мәселесін шешуде бір-біріне ұқсамайтын стратегияларды қалыптастырды: Корей мемлекеті аяусыз репрессия стратегиясын қолданса, Тайвань үкіметі айла арқылы араласуды құп көрген. Бұл бөлек стратегиялар Кореяның қоршаған ортаны қорғау қозғалысы мен Тайваньның еңбек қозғалысы мәселелерін шешуде табысты болғанымен, Корей қоршаған ортаны қорғау қозғалысының репрессиямен күресуге машықтанғанындай, Тайваньдық фермерлер де кооптацияға жауап беру жолдарын тапқан.

Кореяның еңбек бірлестіктері аяусыз тапталып, өкпе назына жауап болмаған кезде, олар ұйымдастырушылық инфрақұрылымды қуаттаудың амалын тауып, жұмысшылар арасындағы ынтымақтастыққа қол жеткізді; репрессия олардың өз мүмкіндіктерін пайдалануын тоқтата алмады. Тайваньның құдіретті үкіметі қоршаған ортаны ластауға байланысты мәселелерді шеше алмағанда, ластанудан зардап шеккендер мен қоршаған орта қорғаушылары баспасөз өкілдерін қоса алғанда, тыңдар құлақтың барлығына өз наздарын жайып салу арқылы жоғарғы әкімшілік деңгейінде петициялар ұйымдастыру-

ды үйренді. Нәтижесінде экологиялық идеялар кең тарап, идеологиялық билік нығайды. Бір қызығы, саяси құрылымдар қозғалыстың табысты жұмысының, әсіресе басында, алдын алғанымен стратегияның нақты түрлеріне кедергі келтіре алмайды. Осылайша, Корей еңбек қозғалысы өз ықпал ету тетіктерін бекітіп алса, тайвань экологиялық қозғалысы өз идеологиялық мүмкіндіктерін дамытуының нәтижесінде түрлі қозғалыстардың жылдам пайда болуына ықпал етті. Алғашқы пайда болған екі қозғалыс мықты оппозиция ретінде бұғанасын бекітіп алғаннан кейін ұлттық деңгейде әлеуметтік қозғалыстар ұйымдастыруды ілгерілетті. Корей еңбек қозғалысы ымырасыз жаужүректік пен өзін-өзі ұйымдастыра алушылықты мұра етсе, Тайвань қоршаған орта қорғаушылары прагматизм, саяси келіссөздер мен ымырашылдыққа негізделген стратегияларына сүйенуін жалғастырды. Кейінгі қозғалыстар – экологиялық қозғалыстар Корей еңбек қозғалысының ізін және еңбек қозғалысы Тайвань экологиялық қозғалысының ізін басуы – «ерте бас көтерген үлгілердің» ұйымдастырушылық және мәдени стратегияларын ұстануы мүмкін.

Бұл салыстыру қозғалыстың қозғалыс күшіне құрылған екі бөлек траекториясын көрсетеді. Екі елде де еңбек қозғалыстары көлік, мұнай-химиялық, пошта қызметі және кеме жасау сияқты стратегиялық индустрияларды ұйымдастыру арқылы өз ықпалдарын нығайтты; екі экологиялық

>>



Оңтүстік-корей еңбекшілерінің ұлттық ереуілі, 13 қараша, 2003. Суретті түсірген Хуа-Жен Лиу.

қозғалыс та қоғаммен байланыс кампаниялары және жалынды жаңалық тақырыптары арқылы идеологиялық билігін ұлғайтты.

Дегенмен, қуатты ұлғайтудың да есебі бар. Ұйымдасқан кәсіподақ «еңбек аристократиясына» өкілдік етеді деген үндеу оларды бұқаралық қолдаудан айырды. Оның қолдау негізі капиталистер зауыттардың орнын ауыстырып, өмірлік жұмысқа алу кепілдігін жойып, «ұйымдаспайтын» иммигранттар мен континенттік жұмысшыларды жұмысқа алу үрдісін үдеткеннен кейін тіптен құлдырап кетті.

Екі елдегі қоршаған ортаны қорғау қоғамдық дискурсқа айналып жатқанда, жаңа әрі қуатты қарсыластар айқындала бастады. Мемлекеттік қоршаған ортаны қорғау мекемелері, экологиялық кеңес беруші фирмалар және жеке бірлестіктердің барлығы қозғалыстың экологиялық дискурсқа деген монополиясына жармасты. Кейін, Тайваньдық және Корей экологиялық қозғалыстары корпоративті күшке

қарсы күрестерінен жеңіліс тауып отырды. Оның бірден-бір себебі – экологиялық көзқарастар кедей-кепшіктің экономикалық тіршілігін қамти алмауы болды.

Дағдарыс барысында еңбек және қоршаған ортаны қорғау қозғалыстары күштің жанама ресурстарын іздеу арқылы өздерінің түпкі артықшылықтарының шектелуінің орнын толтыруға кіріскен. Осылайша, еңбек қозғалыстары бұқаралық қолдауға алаңдаушылық білдіріп отырғанда, экологиялық қозғалыстар корпоративті билік үстемдігімен күресу үшін ықпал етудің анағұрлым берік тетіктерін табуға талаптанған болатын.

Сондай-ақ, осыдағдарыскезінде еңбек және экологиялық қозғалыстардың бір-бірінің қиындықтарын мойындап, жинақталған тәжірибелерін бөлісуі арқылы одақтасу мүмкіндігі артқан болатын. Еңбек өзін мықты ұйымдастырушы, бірақ дискурс жағынан әлсіз етіп көрсетсе, қоршаған ортаны қорғау қозғалыстары дискурс тұрғысынан мықты болғанымен,

бұқаралық ұйымдастыруда дәрменсіздігін танытты. Қозғалыстардың әрқайсысында бір-біріне жоқ ерекше біліктілігі мен табиғи дарындары бар.

Бұл қозғалыс аралық салыстыру еңбек және экологиялық қозғалыстардың өзара толықтыруын атап көрсетеді. Тайвань және Корей мысалдарында қозғалыстың пайда болуын, жалғасы мен траекториясын талдауды қайта бағдарлау үшін бағыттаушы ретінде «қозғалыс күшін» пайдалану еңбек пен экологияның одақтасуының негізін түсінуге мүмкіндік береді. Салыстыру академиктер мен белсенділерді әлеуметтік өмірді айтарлықтай өзгерткен екі күшті, яғни еңбек пен қоршаған ортаны және біздің болашақ туралы қазіргі кездегі көзқарасымызды қайта бағамдауға шақыруы тиіс.¹ ■

Хаттарды Хуа-Жен Лиуге hjliu@ntu.edu.tw жолдауға болады.

¹ Анағұрлым толығырақ дәйектерді мына әдебиеттен таба аласыздар: *Leverage of the Weak: Labor and Environmental Movements in Taiwan and South Korea*, 2015, Minneapolis: University of Minnesota Press.

> Тайваньдағы ата-аналардың қысымдағы статусы

Пэй-Цзя Лэн, Тайвань ұлттық университеті (Тайвань), ХӘҚ Отбасын (ЗК06) және жұмысшылар қозғалыстарын (ЗК44) зерттеу комитеттерінің мүшесі



Тайваньда дамып отырған ата-аналарға кеңес беру саласы орта таптың нуклеарлы отбасын қалыпты деп таниды. Мына жерде Нью-Тайпей сити баспасы жариялаған 123 бақытты отбасы туралы оқулықтың мұқабасы.

Тайваньдағы туу коэффициентінің көрсеткіші – әлемдегі ең төмен көрсеткіштердің бірі. Өздеріне қымбат және әлсіз балаларын тәрбиелеуде тайваньдық ата-аналарға сарапшылар балалар қажеттілігі мен сезімдеріне баса назар аударуға бағытталған Батыстық үлгі негізінде үнемі кеңес береді. Мәдени ресурстар мен нарық қызметіне қолжетімділіктің ұзаруына қарамастан тайваньдық ата-аналардың өзін қысымдағыдай сезінуінің, уайымшылдығы мен өз-өздеріне сенімсіздіктің себебі неде? Менің зерттеуім мектептегі бақылау және әлеуметтік-экономикалық әлеуеті тұрғысынан 50 отбасының ата-аналарымен жүргізілген тереңдетілген сұхбат пен әңгіме талдауы негізінде осы мәселені қарастыруға бағытталды.

Тәрбие беру мен таптар арасындағы теңсіздіктің байланысы туралы тақырып әлеуметтануда ұзақ уақыт бойы сыни болып есептелді, бірақ ғылыми әдебиет Андреас Виммер мен Нина Глик Шиллер ұсынған «әдіснамалық ұлтшылдықтан» зардап шегеді. Әлеуметтанушылар әлеуметтік саналуандылықты талдау барысында қоғамның айырбас қатынастарынан және бір-біріне ықпалынан құралғанын елемей, әлеуметтік саналуандылықты талдаудың кіріктірілген бірлігі ретінде талдайды.

Тайвань – жаһандық әлеуметтану үшін стратегиялық зерттеу орны. Географиялық кеңістік білімнің және жергілікті теорияның, еуропа әлеуметтануына бағдарланған ұғымдардың қалыптасуында басты әдіс ретінде ұсынылады. Мен тәрбие беруді эмпириялық призма ретінде алып отырмын. Осы призма арқылы жаһанданудың таптар мен отбасылық өмірдегі теңсіздіктің микросалаларын қалай қалыптастыратындығын қарастырамын. Бала тәрбиесі туралы қоғамдық пікірталас соғыстан кейінгі Тайваньда едәуір өзгерген еді. Балалар арзан еңбек күші мен әскери ұлтшылдықтың қолжетімді ресурсынан, биосаяси басқарудың сау субъектісі ретінде қарастырыла бастады. Ата-ана рөлі де өзгерген болатын: бала тәрбиесін қалыптастырушыдан, сарапшылар кеңесін алушылар ретінде жиі қарастырылды.

Аналитиктердің басым бөлігі индустрияланудың, урбанизацияның және туудың төмендеуі балалық шақ пен ата-аналардың статусы туралы заманауи ұғымдарды қалыптастырды, яғни әлемдегі билік теңсіздігі мен мәдени ерекшеліктеріне мән бермей, Батыстық заманауилық тәжірибесін әмбебап үлгі ретінде модернизация контексінде қарастырады.

Екінші топ ата-ана статусы мен балалық шақ конвергенциясын жаһандық капитализмнің ықпалымен орын алған макдонолизация мысалы не баланың дамуы мен ерте білім беруге қатысты халықаралық ғылыми білімнің нәтижесі ретінде қарастырады. Екі тарап та жаһандануды сыртқы фактор деп, жергілікті қоғамның жаһандық элементтерді біріктіре отырып, өздерінің іс-әрекетін әлемде орын алып отырған тенденцияларға бейімдеу әрекеттерін ескермейді.

Оңтүстік Корея ғалымы Чжан Кюнг Соп уақыт пен кеңістік қысымында экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени өзгерістер қарқынды жүретін өркениеттік жағдайды сипаттау үшін «қысымдағы заманауилық» ұғымын ұсынды. Мұндай қоғамдарда бірнеше өркениет – дәстүрлі, заманауи және постмодерн, байырғы халық, – компоненттері мен жат жаһандық элементтер бірге өмір сүреді, бәсекелеседі, бір-біріне ықпал етеді. Мен қысымдағы заманауилық контекстінде тәрбие берудегі өзгерістерді, кешенді, кейде қарама-қарсы әдістерді суреттеу үшін «ата-аналардың қысымдағы статусы» ұғымын ұсынамын. Ұсынылып отырған ұғымды тек Тайваньға емес, жаһандық Оңтүстіктің басқа да аймақтарына қолдануға болады.

«Ата-аналардың қысымдағы статусы» концепциясы үш өлшемді қарастырады. Біріншіден, Тайвань экономикасы мен саясатының тежеліп, сонымен қатар индустриялану мен демократияланудың қарқынды дамуы ұрпақтар арасындағы мобильділікпен белсенді азаматтық қоғамды қалыптастырды. Орта тап мүшесі болып табылатын ата-аналар кедей және авторитарлы Тайваньда өткен «балалық шақтарына» өкінуде; олар бала тәрбиесінде орныққан дәстүрлерден бас тартып, өз балаларына бақыт пен автономияны шексіз беруді көздеп отыр. Америка мәдениетінің ықпалымен бала тәрбиесіндегі стильдің өзгеруі, яғни ата-аналардың басым бөлігі отбасыларының тік мобильділікпен өрлеуін алдыңғы орынға шығаруы және космополиттік бағытта тәрбиелеуі бірегейлік маркеріне айналуға.

Тайваньдық орта таптағы ата-аналар өз балалары үшін қиялдарында қалыптастырып қойған жаһандық болашаққа бағдарланған тәрбие беруде. Балаларын ағылшын тілді бала бақшаларға, элиталық мектепке және америкалық жазғы лагерлерге жіберіп, «жаһандық бәсекеге қабілеттілікті дамытуға» және жаһандық мәдени капиталды жинақтауына ұмтылады.

Екінші жағынан әртүрлі стратегияны ұстанатын ата-аналар да бар. Олар балалардың «табиғи дамуын ұйымдастыруға» бағытталған, балалардың «табиғи дамуын» басымдылық деп алуының себебі – ата-аналар мен мекемелердің тәрбиеге араласуының кері жақтары бар деп есептейді. Бұл ата-

аналар балама білім беру бағдарламаларын таңдайды. Батыс педагогикасын қабылдай отырып, оқулықтар мен сараптамаларды ескермейді.

Ата-аналардың қысымдағы статусының екінші өлшеміне көшсек. Тәрбие берудің мәдени сценарийі жаңа жаһандық ықпалды сипаттағанымен, тайваньдық шындықпен үйлеспейді. Мысалы, ата-аналарға балаларымен көп уақыт өткізуге кеңіс беріледі, бірақ Тайваньдағы жұмыс орнының басым бөлігі отбасылық мәдениетті ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді. Екі жақта табыс табатын ата-аналар бала тәрбиесінде ұзартылған күн бағдарламаларына немесе туыстарына тәуелді. «Ұрпақтар арасындағы байланыс үзілді» деген пікірге қарамастан ата-аналар өздерімен бірге не көрші тұратын ата-әжелеріне балаларын тастап кетеді.

Сондай-ақ, ата-аналар әдетте ата-ана құндылығы мен институттық орта талаптарының арасындағы қарақайшылықта қалып қояды. Олар қаншалықты бақытты балалық шақ сыйлағысы келгенімен, балаларының орта мектеп мен университеттегі белсенді бәсекелестікке қабілеттілігі туралы уайымдайды. Ата-аналардың ойланатын тағы бір мәселесі – болашақта өз-өздеріне сенімді балаларының әлі де ұжымдық мәдениет пен иерархиялық билік сақталған Тайвань корпорацияларына бейімделуі.

Үшінші, ата-аналардың қысымдағы статусы түрлі таптардағы ата-аналар үшін түрлі нұсқада көрініс табады, яғни тап арқылы жаһандану мен «қысымдағы заманауилықты» тең сезінбейді. Жаһандану экономикалық немесе мәдени капиталы жеткілікті отбасыларға мүмкіндіктер мен ресурстарды көбірек ұсынса, алға қарай жылжуға мүмкіндігі жоқтар жеткіліксіздік пен оқшаулануға ұшырайды.

Соңғы онжылдықта Тайваньнан капиталдың кетуі және еңбекке қабілетті жандардың келуі жұмысшы табының ерлерін жұмыспен қамту мәселесіне алып келді. Жергілікті әйелдерден қолдау таппаған мұндай ерлер Оңтүстік-шығыс Азия мен Қытайдан қалыңдық іздеп, жаһандық отбасының жаңа түрін қалыптастыруда. Сонымен қатар, тәрбие берудің жаңа стандарттары – үйде ұрып жазалауға жаңа шектеулер мен мектептегі мәселелерге ата-аналар қатысуына күтімнің өсуі – ата-аналар уақытының иілгіштігі және балалармен жиі араласу мүмкіндігі туралы белгісіз пікірлерді қалыптастырды. Жұмысшы тап ата-аналары, иммигрант аналар және басқа да әлеуметтік қорғалмаған ата-аналар әлеуметтік сынға ұшырап, «тәуекел отбасы» деп анықталуда.

Уақыттағы және кеңістіктегі қысым ата-аналар статусының неліктен осындай болғанын түсіндіреді және қазіргі замандағы Тайвань үшін күрделі жобаға айналып отыр. Жаһандық әлеуметтану тұрғысынан талданған ата-аналар дискурсын батыстық әдебиет эндогенді процеске дейін ықшамдап, мәдениетпен бағытталған отбасының тарихи конструкциясын қарастырмайды. Біз жаһанданудың сыни контексті ата-аналардың капиталды жинау стратегияларын және бұл стратегиялар тап пен ұлттық ерекшеліктер арқылы балалар арасындағы теңсіздікті қалай қалыптастыратынын зерттеуіміз қажет. ■

Хаттарды <pcplan@ntu.edu.tw> жолдауға болады

> Құлдырау барысы:

21 ғасырдағы Тайвань

Тхуң-хоң Лин, Синика академиясы, ХӘҚ әлеуметтік жіктеуді зерттеу комитетінің мүшесі, Тайвань

Соңғы отыз жылда Тайвань үлкен экономикалық, саяси және әлеуметтік өзгерістерді бастан кешті. Алайда, Тайвань туралы әлеуметтанулық әдебиеттердің көбісі тек ондағы жеткен жетістіктерге арналған:

- Гоминьданның авторитарлық технократтары басқаратын, жеңімпаздарды таңдау саясатының арқасында индустриялық жетістіктерге жеткен, қуатты және рационалды «дамушы мемлекет»;
- Табысты жер реформасы мен шағын және орта кәсіпкерлікке негізделген белсенді (жаһандық) экспортқа бағытталған

экономика;

- Шағын кәсіпкерліктің нәтижесінде жұмыспен қамту, орта таптың көбеюі, жоғарыға бағытталған мобилдіктің жоғары деңгейі жүзеге асып отыр.

Тайваньның, сонымен қатар, жағымсыз жақтары да бар. Тайвань Конфуциялық мәдениет ықпалындағы патриархатты қоғам. Гендерлік кемсіту отбасы, білім беру және еңбек нарығында сақталып отыр. Әдетте, оқиға жаңа орта тапқа негізделген бейбіт демократиялық өзгерістерді алға тартумен аяқталады (төмендегі кестені қараңыз).

Тайваньдық дамудың өзгеріп отырған парадигмасы

	«Керемет» парадигмасы	«Құлдырау» парадигмасы
Мемлекет	Авторитарлық, автономды және дамушы	Жыртқыш әрі жемқор, демократияға дейін есепті емес
Экономика	Жергілікті жеке шағын және орта кәсіпкерлік, экспортқа бағытталған экономика	Шағын және орта кәсіпкерлік елеске айналу; монополиялық капиталдың еңбек мигранттарын жұмысқа жететін Қытайға кетуі
Әлеуметтік жіктеу және мобилдік	Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы, орта таптың артуы, мықты әлеуметтік мобилдік, жұмыссыздықтың төменгі деңгейі	Деиндустрияландыру және таптық теңсіздіктің артуы; таптық мобилдіктің орнына таптардың өз ішіндегі өндірісінің артуы; жоғары деңгейдегі жастар жұмыссыздығы
Гендер, отбасы және демография	Конфуциялық патриархатты отбасы, білім беру мен еңбек нарығындағы гендерлік кемсіту, ерте неке құру, ажырасудың төменгі деңгейі, тууды табысты бақылау	Гендерлік теңсіздікті жұмсарту; отбасылардың ажырасуы, ажырасу деңгейі АҚШ-тағыдай жоғары; туудың өте төмен деңгейі; жылдам қартайған қоғам
Саяси динамикалар мен түсініспеушіліктер	Гоминьданның авторитарлы партиялы мемлекеті жергілікті азаматтық қоғамға қарсы; этникалық және ұлттық бірегейлік арасындағы алшақтық	Демократиялық құндылықтардың артуы; жастардың таптық аралық әділетсіздікті сезінуі; Қытай ықпалына қарсы Күнбағыс қозғалысы

Алайда, 2007 жылдан бері «Тайвань кереметі» Азиялық қаржы дағдарысы мен Ұлы рецессия кезінде жақсы сыналды. Гоминьданның бұрынғы авторитарлық элитасы 2008 жылы билікке қайта оралған кезде технократтар саяси тәртіпсіздіктерге Демократиялық прогресшіл партияның тәуелсіздік пен демократияны жақтайтын саясатын кіналады. Гоминьдан әкімшілігі басты назарды Қытаймен кеңейтілген сауда-саттыққа аударып, дамудың неолибералды саясатын күн тәртібіне қойды. 2014 жылдың наурызындағы күн өткен сайын артып отырған «Қытайдың ықпалына» бұқараның алаңдауы 1990 жылдардан бері болмаған ірі студенттер қозғалысына ұласты. Ондағы пікірталас тудырған мәселелер - Тайвань үкіметінің Қытаймен кейінгі байланыстарын сынау, Гоменданның ірі бизнеспен ауыз жаласуы тенденциясы жастарды жұмыспен қамтуға ықпал ететін шағын және орта кәсіпкерлікті ұмыт қалдыруына себеп болуы – «керемет парадигмаға» сын болып отыр.

Соңғы зерттеулер шағын және орта кәсіпкерлік белсендігін қоспағанда, Тайваньның «дамушы мемлекетін» консервативті және жемқор саяси коалиция, Гоминьдан авторитаризміне қызмет атқарады деп сынады. Аталмыш зерттеулер Қытай экономикасының жылдам дамуы мен коммунистік партия басқаратын мемлекеттің «тұрақты авторитаризмін» де сынады. Экономикалық дағдарыс контекстінде Қытайдың орталық және жергілікті билігі дамушыға қарағанда жыртқышқа ұқсайды.

Тайвань тәжірибесін қайта қарау экономикалық өсім мен авторитарлық қуатты мемлекет арасындағы бірігуді анығырақ түсінуге мүмкіндік береді. Тайвань азаматтық режимі демократизациядан кейін жай ғана саяси алаңдаушылыққа айналды.

Тайвань ірі бизнесінің 1990 жылдардың басынан бергі Қытайға инвестициялауының арқасында Тайваньның индустриялық құрылымы едәуір өзгерді. Шағын және орта кәсіпкерліктің үлес салмағы 76% дан 18%-ға азайды. Қазіргі таңда Тайвань экспортының 82% ірі компанияларға тиесілі; Шағын және орта бизнес басымдығының орнын монополиялар мен трансұлттық капитал басты. Мысалы, Тайваньның ең ірі кәсіпорны, Хон-Хай групптың (Фоксон) жалпы табысы 2013 жылы Тайвань ЖІӨ-нің 21% құрады; және Фоксонның жұмысшылармен жанжалы Тайвань капиталы Қытай партиялық үкіметінің авторитаризмінің басқыншылығымен Қытайдың көмір алқабында мигрант жұмысшылардың еңбегін эксплуатациялауының нәтижесінде шоғырланғанын білдіреді.

Тайваньның өзгеріп отырған индустриялық құрылымы әлеуметтік стратификацияның келбетін қайта қалыптастырды. 1990 жылдары қалалық орта тап шағын және орта бизнес иелері мен білікті мамандардан құралуының нәтижесінде жоғары дәрежелі таптық мобилдік жүзеге асқан болатын. Алайда, экономика қарқыны бәсеңдегенде байлық пен кіріс теңсіздігі артты да таптық мобилдік тоқырады. Өзге де постиндустриялық қоғамдардағыдай жұмыс орнындағы қауіпсіздік жоққа

шығарылды және қауіпті жұмыс пен жұмысшы кедейлер саны артты.

Жалғыз көңілге сенім ұялатқаны гендерлік теңсіздіктің азаюы болды. Білім алу мен табыс табудағы гендерлік ерекшеліктер азайды, қазір тіпті Тайваньның Шығыс Азиядағы көршілерінен де аз. Дегенмен, еңбек нарығы мен отбасыға негізделген кемсіту әлі толығымен түзеле қойған жоқ. Бір қызығы, кейбір зерттеулер неке әйелдерді одан сайын бақытсыз ететіндігін көрсетті. Шындығында, Тайваньның жұмысшы әйелдерінің өз жұмыстары, тәуелсіздігі мен табысынан айырылып қалмау мақсатында тұрмыс құруға асықпауы неке санын азайтып, ажырасуды АҚШ-тағы дәрежеге жеткізді және әлемдегі ең төмен туу көрсеткішіне әкелді. Осы экономикалық және әлеуметтік өзгерістер Тайваньның саяси ландшафтын қайта құрды. Саяси ғылымдар әдебиеті әдетте Гоминьдан авторитарлық партия үкіметі мен жергілікті азаматтық қоғам арасындағы шиеленістерге бағытталатын, бірақ 1990 жылдардағы демократиялық өтпелі кезеңнен бері экономикалық теңсіздік пен ұрпақтық әділетсіздіктің артуы жаңа саяси алшақтықты туындатты. Кейбір электораттық зерттеулер Демократиялық прогресшіл партия қолдаушыларының басым бөлігі көк жағалылар мен шаруалар (көбінесе, ер адамдар) және либералды құндылықтарды жақтайтын Тайвань жастары екендігін көрсетті.

2008 жылдан бері Гоминьдан үкіметі экономиканы Қытайдың партиялық үкіметімен бірігіп, Қытай-Тайвань ірі бизнестерін демеуден шаршады. Жие-мин У атағандай, «авторитарлық капитализмнің бұғазаралық мемлекеттік бизнес коалициясы» Қытай мен Тайваньның экономикалық және саяси интеграциясы еркін сауда күн тәртібі негізінде айыпталды. Үкімет аталмыш күн тәртібін Гоминьдан авторитаризмін ансап, «төмен қарай ағынды» идеологиясы арқылы дамытты. Дәл осы күн тәртібі Тайваньның ұзақ созылып отырған ұлттық, таптық және ұрпақтық қиындықтарды одан сайын ұшықтырды.

Тайваньның трансформациясы оның үлгілі даму имиджін жоққа шығарады. Үміт артқан Тайваньның шағын және орта бизнесі елеске айналып барады. Күш-қуаттары мықты үкіметке тәуелді ірі бизнесмендер мен Гоминьдан технократтары қазір еркін сауда мен Қытаймен байланысты қолдап отыр. Жас тайваньдықтар жұмыссыздық, төменге бағытталған мобилдік, қауіпті жұмыс, мардымсыз жалақы, жоғары салық пен қымбат әлеуметтік сақтандыруға тап болып отыр. Күтпеген жерден әлеуметтанулық бестселлер және Күнбағыс қозғалысының идеяларына түрткі болған кітапта мен әлеуметтік өзгерістер тапаралық шиеленістен өршіген екпінді ұрпақаралық шиеленісті туындатқанын жаздым. Қазіргі жас ғалымдар болашақ Тайвань әлеуметтануында алдыңғы экономикалық керемет парадигмасының орнына құлдырау парадигмасын қолдануға шақыруда. ■

Хаттарды Тхун-хоң Линге <zoo42@gate.sinica.edu.tw> жолдауға болады.

¹ Thung-hong Lin et al. (2011) A Generation of Collapse: Crises of Capitalism, Youth Poverty and the Lowest Fertility Rate in Taiwan. Taipei: Taiwan Labor Front.

> Тайвань әлеуметтануының дамуындағы жалқы пен жалпы

Мау-Кью Чанг, Синологиялық Академия, Тайвань, ХӘҚ (ЗК05) нәсілшілдік, ұлтшылдық және этникалық қатынастарды Зерттеу комитетінің мүшесі

Тайваньдағы әлеуметтану ағымдағы жағдайы туралы толық есеп жазу мүмкін емес, сондықтан мен Тайвань әлеуметтанушыларының «әлеуметтануды қалай жасап» жатқанын көрсететін бірнеше мысалдар ұсынамын. 2014 жылғы қарашада өткен Тайвань әлеуметтанушылар қауымдастығының (TSA) соңғы жыл сайынғы жиналысынан бастаймын. Қазіргі кезде саны 500 адамға жеткен қауымдастық мүшелері үшін соңғы жиырма жыл бойы үздіксіз өткізіліп отыратын осы кездесу аса маңызды оқиға болып саналады. Цинь-хуа ұлттық университетінде ұйымдастырылған биылғы жиналыс 64 сессиядан және саяси экономиядан бастап постмодерндік субъективтілікке дейінгі мәселелерді қозғаған 180 баяндамадан, сонымен қатар Шығыс Азияға және Қытайдағы өзгерістерге арналған форумдардан тұрды. Жапон және корей әлеуметтанушылар қауымдастықтарының өкілдері, сондай-ақ Гонконг университеттерінен қытай ғалымдары арнайы қонақ ретінде шақырылды.

Пленарлық мәжілістегі баяндамалардың бірі биылғы бағдарламадағы елеулі оқиға ретінде ерекшеленді. Қалыптасқан дәстүрге қарамастан сөз жас аспирант Ян Вэйге берілді. Одан парламент ғимаратын жаулап алу кезінде студенттік қарсылық қозғалысындағы іс-әрекеті туралы айтып беруге өтініш жасалды (қараңыз: осы басылымдағы Мин-Шо Хо мақаласы). Осы тосын баяндама тайваньдық әлеуметтанушыларға ортақ көзқарасты білдіреді, олардың көбі теңсіздік, демократия, әділдік және азаматтық жөніндегі күрделі пікірталастарда дәстүрлі парадигмалардың мүмкіндіктеріне күмәнмен қарайды.

Бірақ, басқа көптеген елдердегі сияқты Тайвань әлеуметтанушылар қауымдастығы (TSA) мүшелеріне әртүрлі әлеуметтік және саяси ұстанымдар тән, олар бірінен әлеуметтанулық қиялдары мен әлеуметтанулық тәжірибелері арқылы ерекшеленеді. TSA мүшелерінің жыл сайынғы кездесулері аясында қозғалысқа қатысты ресми көзқарасты қолдамайтын пікірлерін ашық айтты. Қауымдастық мүшелерінің әлеуметтік қызметіне

байланысты қауымдастықтың саясилануы қаупінен қорыққан кейбір мүшелер бұл жағдай TSA-ның ғылыми бірлестік ретіндегі кәсіби мәртебесіне нұқсан келтіреді деп қорқады. Тайваньда осы тәріздес пікірталастар ұзақ уақыт бойы жүріп келеді және бұл ертеректегі әлеуметтанушылардан қалған мұра.

TSA басқа да қызмет түрлерімен айналысады. Мысалы, қауымдастық танымал рецензияланатын, жылына екі рет жарық көретін «Тайвань әлеуметтану журналын» шығарады. Сондай-ақ, TSA өзекті мәселелер бойынша эмпириялық зерттеулер мен пікірталастар жүргізу алаңы болып табылатын үш бюллетень және «Көше бұрышындағы әлеуметтану» деп аталатын өте танымал блог-сайтты (осы нөмірдегі Гонг-дзен Ванның мақаласын қараңыз) шығарады.

TSA-ға мүшелік Тайвань феминистік қауымдастығы, Мәдениеттанулық зерттеулер қауымдастығы, Тайваньдағы әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығы, Ғылым, Технология және Қоғам сияқты басқа ғылыми бірлестіктердегі мүшелікпен үйлесіп жатады. Ұқсас пәндермен осындай конвертивті және «креолдық» қатынастар әлеуметтануға ғана емес, сонымен қатар үлкен әлеуметтік ғылымдар қауымдастығына интеллектуалдық қуат береді.

Әрі қарай мен соңғы он жылда жарияланған тайваньдық әлеуметтанушылардың назарын аударған аса маңызды мәселелерді сипаттайтын үш жинақты таныстырамын. Олардың әрқайсысы ерекше стильде дайындалған: 1) конвенциялық немесе «мейнстрим», (2) «трансұлттық» немесе жаһандық және (3) қоғамдық сипатта. Іріктеу, әрине шектеулі, дегенмен кезінде үш жинақ та өте жақсы қабылданды, сондықтан осы тектес басылымдарды репрезентациялай алады.

«Тайваньдағы әлеуметтік өзгерістер. 1985 ~ 2005. Бұқаралық байланыстар және саяси мінез-қылық» (редакциясын басқарған М. Чанг, В. Ло және Г. Shyu, 2013) жинағы - тайвань әлеуметтануының мейнстримі. Жинақ демократияландыру кезеңіндегі Тайваньдағы саяси ғадет

“әлеуметтану қоғамға етене жақындай түсті”

пен бұқаралық байланыстардың өзгерісін зерттеуге арналған. Бұл зерттеулер 1989 жылғы «Тайвандағы әлеуметтік өзгерістерді зерттеу» жобасы шеңберінде жиналған ұлттық іріктеу мәліметтеріне негізделген. Осы зерттеу азаматтықтың, ұлттық бірегейліктің, діннің, отбасының, еңбекпен қамтылудың, жаһанданудың және басқа әлеуметтанудың мейнстрим концептілерінің уақыт аясында өзгерістерін құрастыруға мүмкіндік беретін бірсәттік ерекше «суреттері» болып табылады. 2002 жылдан бастап жобаға әлеуметтік зерттеулердің Халықаралық бағдарламасы мен Шығыс Азия әлеуметтік бағдарламаларының модульдері қосылған. Осы эмпириялық мәліметтер бүкіл әлемдегі ғалымдар үшін ашық, әлбетте салыстырмалы зерттеулер үшін өте пайдалы.

Екінші жұмыс «Өту немесе өтпеу: Трансұлттық Тайвань, Тайваньдық трансұлттылық» (редакциясын басқарған Х.Ван және П.Го 2009). Бұл кітап тайваньдық әлеуметтанудың «трансұлттығын» сипаттайды. Бұл кітапта әлеуметтанушылар, антропологтар пен тарихшылар жоғары мобилдік пен жедел жаһанданудың заманауи жағдайлары адамның «ұлттық мемлекеттің» шекарасынан шығуды талап етеді деген пікір айтады. Бұл басылым адамдардың, мәдениеттің және капиталдың ағынын, олардың Тайваньда әлеуметтік және географиялық шекараларының ұштасуымен таныстырады. Басылымда жарияланған барлық жұмыстар қоғам туралы қалыптасқан аумақтық болжамдарды теріске шығарады. Кітап Оңтүстік Шығыс Азиялық үй қызметшілерін, Тайваньның буддалар қауымдастығының жаһандық экспансиясын, бірегейлікті және Тайваньдағы иммигранттық некелердің гендерлік мәселелерін, тайваньдық кәсіпкерлер мен Қытай мен Тайваньның екі ортасында қалған әйелдерді зерттеуге арналған.

Жақын арада жарық көрген «Көше бұрышындағы әлеуметтану» (Х.Ванг редакциясымен, 2015) кітабы Тайваньдағы қоғамдық әлеуметтанудың мысалы бола алады. Кітап көпшілік оқырманға әлеуметтанулық тұжырымдар мен пайымдарды қарапайым тілде эссе немесе қысқа түсініктемелер арқылы жеткізу ұсынылған 37 автордың 34 мақаласынан тұрады. Эссе саяси өмір, қиындықтар мен күрделі өмір, гендерлік мәселелер, шет аймақтардағы өмір, өмір сүрудің балама әдістері сияқты бес тақырыпқа құралған.

Барлық мақалалар алдымен «Көше бұрышындағы әлеуметтану» блог сайтында жарияланды (Гонг-дзен

Ванның осы нөмірдегі мақаласын қараңыз). Фейсбуктегі парақша 2014 жылы ақпанда жасалған, бір айда күн сайын 3000 адамның назарын аударды. 2014 жылы әрбір мақала орташа есеппен алғанда 6700 лайк алып отырды, бұл осы кезеңдегі басқа осы тектес форумдармен салыстырғанда анағұрлым жоғары. Осы блогтағы жарияланымдардың қоғамдастық үшін қолжетімді болғанына қарамастан, баспадан шыққан жинақтың сатылымы Тайваньдағы әлеуметтік ғылымдар саласындағы басылымдар бойынша барлық межеден асып түсті.

Бұрын сыншылар Тайвань әлеуметтануына тәуелсіздік жетіспейді және батыс әлеуметтануына байлаулы деп айыптайтын. Осыдан жиырма жыл бұрынғы оқтғаларды еске ала отырып, мен мұнымен келісуім керек. Соған қарамастан әлеуметтанушылардың әрбір легі көптеген мәселелерге кездесіп отырды, оның ішінде авторитарлық мемлекет тарапынан қысым, мәдени консерваторлар тарапынан күмәндану, әлеуметтік ғылымға батыстың ықпалына қарсы оны национализациялау туралы пікірталастар, Қытай мен Тайвань центризмін арасындағы күрес. Бүгінгі әлеуметтану қоғаммен етене жақындықта, қалың көпшілікке білімді таратумен де айналысып отыр. Тап, таптық ұдайы өндіріс, мемлекет, билік, үстемдік, әлеуметтік қозғалыстар, жыныс, азаматтық қоғам, азаматтық және жаһандану сияқты ірі концептілер орта мектептегі оқыту процесіне және бұқаралық ақпарат құралдары тіліне енгізілген.

Аталған табыстарға қарамастан, тайваньдық әлеуметтанудың жолында ауқымды жаңа түйткілдер пайда болып отыр. Осындай түйткілдердің бірі халықтың қартаюы және колледж студенттері санының азаюы. Тағы бір мәселе – нарықтық фундаментализм мен жаһандық бәсекелестіктің шексіз билігі.

Әлеуметтанушылар мен әлеуметтанулық институттар гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарды пайдалылығы шектеулі ғылымдар ретінде ғылыми саладан аластатуға негіз болатын ғылыми зерттеулерді бағалауды стандарттаудың әкімшілік қысымына ұшырауда. Сонымен бірге осы жағдайдың бәрі теңсіздік тереңдей түскен тұста орын алып отыр. Бірақ осының барлығы тайваньдық әлеуметтануды басқа ұлттық әлеуметтанулардан ерекшелемейді. Осылайша, бүкіл әлемнің әлеуметтанушылары болашаққа қол ұстасып, бірге бара жатыр. ■

Хаттарды Мау-Кью Чангке <etpower@gmail.com> жолдаңыз

> Көше бұрышындағы әлеуметтану

Хонг-Зен Ванг, Сунь Ятсен атындағы ұлттық университет (Гаосюн, Тайвань), ХӘҚ Миграцияны зерттеу комитетінің мүшесі (ЗК31)



Арбұдың иллюстрациясы.

Тайваньдағы академиялық ортада кәсіби білім беру оңай жұмыс емес: университет әкімшілігі «өнімсіз» жұмысты қолдамайды. Қоғамдық істерге тікелей араласқысы келетін әлеуметтанушы «академиялық емес ғалым» деп таңбалануы мүмкін. Кейбір ғалымдар жеке блог жазады, бірақ әдетте ол қолдау таппайды, себебі ұзақ уақытты талап етеді.

2009 жылы тайваньдық бірнеше антрополог «guanvanthorology» деп аталатын ұжымдық блогты басқаруды тәжірибе жүзінде жүзеге асырды. Максаты – антропологиялық зерттеулерді кең тарату үшін апта сайын қысқа пікір (комментарий) ұсынып отыру. Алғашқы жылдары блог танымал болмады, дегенмен әлеуметтанушылар қауымдастығына үлгі болды.

Тайвань әлеуметтанушыларының қолдауымен «Көше бұрышындағы әлеуметтану» блогы өз жұмысын 2013 жылдың ақпанында бастады. Екі жылдың ішінде 100-ден аса тайваньдық әлеуметтанушылар жазған 130-дан аса мақала басылып шығарылды. Блог оқырмандарының саны 2,2 миллионға жетті және посттардың басым бөлігі бұқаралық ақпарат құралдарында қайта басылып шықты.

Көше бұрышындағы әлеуметтануға дейін Тайваньда бірнеше жыл ішінде миллиондаған оқырмандарды жинаған PanSci және Mapstalk секілді бірнеше ғылыми танымал блогтар жұмыс жасап жатқан еді. Үнемі жаңа ақпарат алуға дағдыланған адамдар ғаламторды еркін игеріп, ондағы ақпарат іздеудің қыр-сырын жетік меңгергені анық. Сәйкесінше, егер әлеуметтанушылар қоғамдық пікір мен әлеуметтік саясатқа ықпал жасағысы келсе, ғаламтордағы пікірталастарға белсенді қатысулары қажет. Сонымен қатар, адамдар кең көлемді мақалаларды оқудан жалығып кетті. Бір баспасөз зерттеуінің нәтижесі үш-бес минут уақытты алатын қысқа мақала ғаламтордағы оқырмандар үшін ең қолайлы көлем екенін көрсетті. Осылай, әу бастан көше бұрышындағы әлеуметтануға шамамен 5000 қытай сөзінен, яғни 1500 ағылшын сөзінен тұратын мақала жазу ұсынылды. Бұл – қоғамдық пікірді сипаттауға арналған газет бағанасы үшін өте кең ауқымды, бірақ блог арқылы қоғамдық пікірталасқа қатысу үшін

жеткілікті.

Көше бұрышындағы әлеуметтанудың табысқа жетуінің негізгі факторы – Тайвань әлеуметтанулық қауымдастығы тарапынан көрсетілген қолдау. Жапон әлеуметтанулық қауымдастығының 3000-нан аса мүшесі бар болса, Корей әлеуметтанулық қауымдастығында олардың саны 1000-нан асады. Ал, Тайвань әлеуметтанушылар қауымдастығы 300-ден кем белсенді әлеуметтанушылардан құралған. Корей әлеуметтанулық қауымдастығы бөлімшелері әлеуметтану ғылымын көпшілікке тарату үшін миграция немесе әлеуметтік теория сынды тақырыптарда кітаптар басып шығара бастаса, Жапонияда да өзекті әлеуметтанулық мәселелер көтерілетін әлеуметтанулық анықтама-кітапшалар сериясы жарық көруде. Құрамында мүшесі аз Тайвань әлеуметтанушылар қауымдастығы үшін мұндай жұмысты жүзеге асырып, бір бағытқа қою қиын екені түсінікті. Осындай жағдайда әлеуметтанулық нәтижелерді кең таратудың тиімді жолы – біріге отырып жазылған әлеуметтанушылардың қысқа пікірлері. Әлеуметтанушылардың басым бөлігі бір-бірін тікелей танытын шағын қауымдастық болғандықтан, Тайвань әлеуметтанушыларының біразы әр екі жыл сайын қысқа пікірлерін жазып отыруға дайын екендерін білдірді.

Соңғы бірнеше жыл ішінде әлеуметтік және саяси мәселелерге қоғамдық қызығушылықтың артуы да блогтың танымал болуына ықпал етті. Экономиканың жаһандануымен, Қытай экспансиясымен және оңшыл консервативті үкіметтің жағдайы туындатқан мәселелер 2014 жылдың наурызында студенттер наразылығына алып келді; 50 күнге созылған наразылық пен оқыту нәтижесінде Көше бұрышындағы әлеуметтану студенттер қозғалысын қолдайтын 17 астам мақала жариялады және 10 000 астам адам күн сайын сайтты қарап отырды. Блог қозғалыс қолдаушылары үшін мемлекеттік саясатты

талқылайтын маңызды орынға айналды. Тіпті жүргізіп жатқан өз саясатын ақтауға саясаткерлер де блог пікірталасына қатыса бастады.


Көше бұрышындағы әлеуметтану Тайвань әлеуметтануына, аймақта болып жатқан саяси-әлеуметтік оқиғаларға қызығушылық танытқандар үшін «үлкен терезе» болды. Көше бұрышындағы әлеуметтанудың танымалдығы артқан сайын орта мектеп оқушыларының көбі пәнді түсіну мақсатымен блогты оқи бастады. Бұл – өте маңызды, себебі әлеуметтану мен әлеуметтік жұмыс пәндерін жиі шатастырады. Сондай-ақ, Тайваньның басқа да бұқаралық ақпарат құралдары блогта жарияланған мақалалардың академиялық болашағы мықты деп бағалады. Блогтағы мақалалар Қытай мен Гонконгтың веб-сайттарындағы блогтарды қайта жарияланды. Қытай веб-сайттары негізінен саяси тақырыптардан алыстау өнер әлеуметтануы, туризм әлеуметтануы, қоғамдық даму сияқты тақырыптар аясындағы мақалаларды қайта жарияласа, гонконгтік блогтар саяси мәселелерге, мысалы, мемлекет және балалар, Гонконг, Тайвань және Қытаймен байланысты мәселелер көтерілген мақалаларға қызығушылық танытады.

Академиялық газет оқырмандары өте аз және әлеуметтану аясында жарық көрген жұмыстардың үштен бір бөлігі ешқашан қолданылмайды. Егер ұзақ уақытты талап ететін зерттеу нәтижелері оқырмандар түгілі академиялық әріптестерімізді де қызықтырмаса, жағдай қиын. Керісінше, ұжымдық жұмыс нәтижесінде пайда болған Көше бұрышындағы әлеуметтану әлеуметтік ықпалға ие екендігін және әлеуметтанушылар ғылыми жұмыстарына ешбір кедергісіз әлеуметтік мәселелерге белсенді қатыса алатындығын көрсетті. ■

Хаттарды <hongren63@gmail.com> жолдауға болады

> Юрген Хартман, еңбек сіңірген интернационалист

Людмила Норс, Оксфорд 21 брейнсторминг компаниясының негізін қалаушының бірі және директоры, Ұлыбритания, ХӘҚ (ЗК 34) жастарды Зерттеу тобының атқару комитетінің бұрынғы мүшесі, **Сильвия Трнка**, ХӘҚ (ЗК 34) жастарды Зерттеу тобының атқару комитетінің мүшесі, Австрия¹



Юрген Хартманн, ХӘҚ жастар әлеуметтануы бойынша зерттеу комитетінің президенті (1986-1990), ХӘҚ қаржы жөніндегі Вице президенті 2015 жылдың 2 наурызында қайтыс болды.

2 015 жылдың 2 наурызда дүниеден өткен Юрген Хартманды достары мен әріптестері оны үнемі көңілді және ақкөңіл, қайырымды, ашық және қонақжай, жұғымды, ынтымақтасуға және көмектесуге дайын тұратын, елгезек, халықаралық жобалардың белсенді мүшесі және керемет ұйымдастырушы ретінде естеріне сақтайды.

Юрген 1944 жылы 18 наурызда Ремшайд-Леннеп (Германия) қаласында дүниеге келді. Юргенді анасы

тәрбиеледі, өйткені әкесі соғыста қаза болған еді. Бала күнінде Юрген көп уақытын жергілікті кітап дүкенінде өткізді. Оның кітапқа деген құмарлығы арқасында дүкен иесімен тез достасып алғаны соншалық - ол дүкеннің артқы бөлмесінде тегін кітап оқуға рұқсат берді. Юрген қолына тиген кітаптың бәрін оқыды, басқа елдер мен мәдениеттер туралы оқыды, карталармен, тіпті пойыздардың кестесімен де танысты. Кітап оқу оны академиялық қызметке жетеледі, сонымен қатар бүкіл әлемге саяхат жасауға деген ниетін оятты.

>>

Бұл іс оны жедел оқуға және ол адам-компас болатын болса, барлық кезде жол табуға үйретті. Анасы үнемі жұмысбасты болғандықтан Юрген дәмді ас дайындауды ерте үйренді, өмір бойы ас әзірлеу машығын жетілдіріп отырды.

Юрген Кельн Университетінде экономика магистрі атағын алды. 1969 жылы студент кезінде Стокгольмге жазғы демалыста жұмыс жасауға барған кезінде Упсала Университетінің стипендиясын жеңіп алды, сол жерде ол өзінің жары швед қызы Сольвейгті кездестірді. 1973 жылы Швециядағы студенттік қозғалыстар бойынша диссертациясына докторлық дәреже алды. Оқуды тәмамдағаннан кейін ол 1993 жылға дейін Упсала Университетінде жұмыс жасады, бүкіл Швецияны аралап, дәріс оқыды.

1980 жылдан 1982 жылға дейін ол Венада БҰҰ жүйесіне енетін әлеуметтік қамсыздандыру, мамандарды даярлау және ғылыми зерттеулердің Еуропалық орталығының жетекшісі қызметін атқарды. 1983 жылдан 1986 жылға дейін «Жастардың қоғамға интеграциялануы» халықаралық жобасына жетекшілік ете отырып, халықаралық мансабын бастады.

Юргеннің ХӘҚ ынтымақтастығы 1978 жылы шілде айында ХӘҚ 9 әлемдік конгресі Упсала қаласында өткен кезден басталды. Конгресс Хатшылығына көмектескен сол кездегі жас студент, қазіргі ХӘҚ атқарушы хатшысы Изабелла Барлинска, өзінің ақпараттық бағананың қасында Юргенмен алғаш кездескенін есіне түсіреді (1). Упсала Университетінің жас профессоры жергілікті академиялық қауымдастықтың өкілі ретінде өз көмегінің қажеттілігін түсінді. Бұл шынында маңызды! Олардың екеуі де тәжірибесіз және ХӘҚ жаңа адамдар еді. Олар өмір бойына адал дос болып қалды.

Юрген үшін әлемнің сан тарабындағы әріптестермен ынтымақтастықтың маңызы аса зор болды. Ол ХӘҚ (ЗК34) жастар әлеуметтануы комитетінің мүшесі, содан кейін әуелі қазынашы (1982-86), 1986 жылы комитет президенті болып тағайындалды. Оның алдында

осы қызметте болған Петар-Эмиль Митев «қырғибақ соғыс саясаты кезінде Юрген ЗК 34 комитетінің Батыс және Шығыс Еуропаның жас зерттеушілерінің арасындағы ынтымақтастықтың үлгісіне айналдыруда көп еңбек сіңірді. Шығыс Еуропа елдерінен шыққан жас зерттеушілер оның көмегіне және академиялық іске адалдығына иек арта алды» деп атап өтеді.

«Жариялылық пен қайта құру кезінде бұрынғы КСРО-ның жастары арасында болған іргелі өзгерістерді талдап, зерттеу комитетін шешуші кезеңде Юргеннің басқаруын өте жақсы сипаттайды» – дейді Джон Биннер. Биннер «Еуропалық жастары және жаңа технологиялар» (1987-1990) салыстыру жобасында жұмыс жасаған кезде, Венадағы әлеуметтік ғылымдар саласында зерттеулер мен құжаттандырудың Еуропалық үйлестіру орталығы аясында жүзеге асқан жоба бойынша жасаған ескертулері арқылы Юргеннің аналитикалық қызметін бақылауға мүмкіндік алды.

ЗК34 қолдаған осы жобаның маңызы аса зор, себебі ол Берлин қамалының құлауы мен Кеңес Одағының ыдырауын талдады. Биннер Юргенді мәдени ерекшеліктерді түсіну бағытында ұлттық принциптер мен әсіресе, милитарланбаған ортасы бар және ақпараттық технологияларға тұтынушылық мүдделер әлі де шектеулі Шығыс Еуропада, ұлттық басымдықтарға қарай бет бұрудың қажет екенін түйсінетін нағыз интернационалист деп сипаттайды. Осылайша, жастардың ІТ-мүмкіндіктер мен халықаралық БАҚ қол жеткізуге деген сұраныстары өзгерістердің негізгі алғышарты болып қалыптасты.

Юргеннің жүргізуші куәлігімен бірге компьютерлік сауаттылықты енгізу қажеттілігі туралы ойының құнды екенін бүгінгі күні бағалау қиын, Шығыста сол кезде осы ой утопия ретінде қабылданған. Ол алғашқылардың бірі болып ересек өмірге аяқ басудың мәні, осы процестегі жаңа технологиялардың орны, жаһандана түскен әлемде индивидуализация, поляризация және теңсіздіктің жаңа салдарлары

туралы пікір айтқан еді. Бүгінгі күні осы мәселелердің жастар саясатында негізгі орынды алуының өзі - Юрген қызметінің нәтижесі. Халықаралық жобаларға бағытталған нағыз ғалым ретінде Юрген ЗК34 қытайлық жастарды зерттеушілермен ынтымақтастық орнатуына қол жеткізді. Сондықтан ол ЗК34 президент болған екі мерзімде де қытайлықтар вице-президент болуы тегін емес. Юрген Қытайда ЗК34 «Азиялық модернизация және жастар» атты (Шанхай, 1993 жыл) алғашқы конференцияны ұйымдастыруда басты рөл атқарды.

Юрген желілік қатынастарды орнатудың шебері болды. Солтүстік жастарын Зерттеулердің үйлестірушісі (1998-2004) және ЗК34 (2002-2006) президенті Елена Хельве Юргенді солтүстік жастарын зерттеудің бастаушысы болды деп атайды. Елена Юргеннің Солтүстік жастарын зерттеушілердің ғылыми тәжірибелік конференциясында Еуропадағы 1960 және 1970 жылдардағы жастар қозғалысы туралы қызық баяндамасына таңданыс танытқан еді. Юрген Солтүстік жастарын зерттеушілерінің ынтымақтастығына белсенді ықпал етті. Ол Солтүстік жастарын зерттеу симпозиумының негізін қалаушылардың бірі болды. Ол халықаралық дәрежедегі белгілі ғалым болған кезде де өзін солтүстік жастарын зерттеуші деп санады. Оның интернационализациялау бағытында жасаған еңбегі осы ұйымды әлемге әйгілі етті. Сонымен бірге Юрген 1990 жылы өз ізбасары, еуропалық жастарды зерттеуді ұйымдастырған және дамытқан Сибилла Хюбнер-Функпен бірге Еуропадағы жастарды зерттеушілердің ынтымақтастығы Ұйымының мүшесі болды.

Юргеннің жан жақты білімі, оқыту тәжірибесі және күрделі сұрақтарды ұғынықты тілмен жеткізе білу қабілеті оны беделді шешенге айналдырды. Оның сөйлеу стилінде өзіндік ерекше стилі болды, тіпті ол үлкен аудитория алдында сөйлеп тұрғанда да әрбір тыңдаушымен жеке сөйлесіп тұрғандай әсер қалдыратын.

Юрген ЗК34 президенттігінен кейін ХӘҚ атқару комитетінің мүшелігіне сайланды, 1990 жылдан 1994 жылға

>>

дейін қаржы комитетінде жұмыс жасады, содан соң 1994-1998 жылдар арасында ХӘҚ қаржы жөніндегі вице-президенті болды. ХӘҚ вице-президенті қызметінде жүріп, ХӘҚ Билефельдтегі (1994), Монреальдағы (1998) және Брисбейндегі (2002) әлемдік конгрестерінде өткізуге атсалысты.

Жастарды зерттеумен қатар Юрген халықаралық және тәжірибелік деңгейде өзара түсіністікті нығайтумен де айналысты; жастар туризмін ол қарапайымнан туризмнің ең өзекті түрі ретінде қарастырды. Людмила Норс 1992 жылы қазан айында Мәскеуде «Жастар және Еуропадағы әлеуметтік өзгерістер: интеграция немесе поляризация» халықаралық конференциясын өзі ұйымдастырған кездегі оқиғаларды есіне жақсы сақтаған. Конференцияның бірінші күні Жастар институтының директорына Ресейдегі жаңа жастар саясатын әзірлеуге жауапты сол кездегі ғылым және технология министрлігінен қоңырау түседі. Олар конференцияға қатысып отырған батыс ғалымдарымен кездескісі келетінін білдірді. Юрген конференцияның ресейлік үкіметтің назарын аударғанына қатты риза болды.

Біз Кремльге шақыру алғанымызға риза болдық, Ресей Федерациясының сол кездегі мемлекеттік хатшысы

Геннадий Бурбулис шағын топты қабылдады. Ол президент Борис Ельциннен кейінгі Ресей саясатындағы екінші адам болып есептелетін. Кездесуде негізінен жас азаматтарды Ресейдегі демократиялық процестерге тартудың әдістері мәселесіне көбірек назар аударылды.

Юрген қарапайым және түсінікті ұсыныс жасады: Ресей жастары шетелге шығуға және әлемді көруге мүмкіндік алуы тиіс. Бәрінен бұрын бәрі мұны жәй деп ойлады, бірақ Юрген ел өзгеруі тиіс және жастардың қайтып оралғысы келетіндей қалаулы елге айналуы тиіс деген ойын қадап айтты. Сүбелі әңгімеде жастардың мобилдігі туралы хабарламасын ынта қойып тыңдағанынан Юрген қанаттанып, зор қанағаттанарлық сезімге бөленді.

Юргеннің жастар мобилдігі мен саяхаттар бойынша қызметі осы саладағы жастар зерттеулерінің қалыптасуында елеулі рөл атқарды. Ол саяхаттаудың себептері мен жас саяхатшылардың бағдарларын үнемі талдап отырды. Батыс Еуропадағы жастардың мобилдігі мен саяхаттар туралы өз жұмыстарында Еуропалық Одақтың саясатын және «жастар мобилдігі» концептісін еуропалық сананың және экономика, саясат және мәдениетпен байланыстырды. Ол, мысалы, біртұтас Еуропалық темір

жол билеті кез келген институттық айырбас бағдарламасына қарағанда жас шведтердің өздерін «еуропалық» сезінуіне жағдай туғызады және жас адамдардың саяхатқа дайын болуы мен шет тілінде сөйлеу қабілетімен тығыз байланысты деп тұжырымдады.

Даларна университеті басқа бес еуропалық университетпен бірге «Туризмді Еуропалық басқаруы» серіктестік бағдарламасы ашылғанда Юрген туризм саласындағы қызығушылығын жүзеге асыру үшін осы мүмкіндіктерді пайдаланып, магистрлік бағдарламаның швед бөлімінің директоры болды (1994-2008). Ол сабақ беруді жақсы көрді және зейнетке шыкса да дәріс оқыды. Юрген ЗК34 әріптес мүшелерінің көбімен нағыз дос болатын. Біз оның көпшіл рухын, көңілді әзілі мен ыстық құшағын, шынайы күлкісін, ақылын, данағөй кеңестерін және көмегін сағынатын боламыз. Егер өз қызметімізді оның бай мұрасына лайықтасақ, ол біздің ісіміз бен жадымызда мәңгі сақталады. ■

Хаттарды Сильвия Трнка <sylvia.trnka@aon.at> мен Людмила Норсқа <lyudmilanurse@oxford-xxi.org> жолдауға болады

¹ Изабела Барлинска, Джон Биннер, Хелена Хелв и Петар-Эмиль Митев алғыс білдіреміз.